



● ПРЕЗИДЕНТ

Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің 2022 жылғы I-тоқсанда жүзеге асырған ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары жөнінде, сондай-ақ қаржы және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берілді.

Президентке сыртқы және ішкі нарықтардағы ахуал жайында баяндалды. Ғалымжан Пірматов валюта нарығында қалыптасқан үрдістер, Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қордағы активтердің жай-күйі туралы айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевка инфляцияның қарқыны, банк жүйесіндегі депозиттер құрылымының өзгеруі, зейнетақы активтерінің жағдайы мен төлем жүйесінің дамуы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

Жеделхаттар әлі де келуде

Наурыз мерекесіне орай Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров өз құттықтауында ортақ мұрамыз әрі жыл басы саналатын Наурыз мейрамын бабаларымыздың ізгі ниетпен және үлкен үмітпен тойлағанын жазған.

– Көктемнің осынау мерекесі бауырлас екі халықтың дамып, өркендеуіне ажқолтай болсын. Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы ортақ рухани құндылықтарға, достыққа және стратегиялық серіктестікке негізделген көпжақты қатынастарды одан әрі дамыту үшін Сізбен ынтымақтастықта жұмыс істейміз деп үміттенемін, – делінген жеделхатта.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов те Мемлекет басшысы мен бауырлас Қазақстан халқына өзінің құттықтауы мен ізгі тілегін жолдады.

– Наурыз мейрамы ежелден табиғаттың, тіршіліктің қайта түлеп, көктемнің келгенін білдіреді. Бұл мереке қонақжайлық, бейбітшілік, тату көршілік және гуманизмнің биік қағидаттарына негізделген дәстүрді ұштастырады. Сондықтан оның халықтар арасындағы бірлік пен достықты нығайтудағы маңызы ерекше. Осынау бірегей мейрам Сізге, барша Қазақстан халқына қуаныш, амандық, бақ-береке әкелсін, – деп жазған Түрікменстан Президенті.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған өзінің құттықтау хатында Мемлекет басшысы мен Қазақстан халқын Наурыз мейрамымен құттықтап, осы ұлық мерекенің ортақ құндылығымыз әрі байлығымыз екенін атап өткен.

– Молшылық пен құт-берекенің мейрамы – Наурыздың бүкіл әлемге әсемдік пен жақсылық әкелуіне тілектеспін. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Жоғары Мәртебеліңізге денсаулық, бақыт және табыс, ал достас әрі бауырлас Қазақстан халқына бақ-береке, амандық тілеймін, – делінген Түркия көшбасшысының жеделхатында.

Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси құттықтау жеделхатында Наурыз мейрамы азаматтарымыздың жүректеріне қуаныш сыйлап, аймақтағы барлық халыққа бейбітшілік пен ынтымақ алып келсін деп жүрекжарды тілегін жазған.

– Иран Ислам Республикасы осы мәдени ынтымақтастықты, бейбітшілік пен тыныштықты бүкіл әлемге жаю және нығайту ісін қолдайды. Сондай-ақ бұл мақсатқа қол жеткізу үшін барлық елге достық қолын созуға дайын, – делінген Иран Президентінің жеделхатында.

Сонымен қатар өздерінің құттықтау жеделхаттарын Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым, Түркітілдес елдері Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Мехмет Сүрея Эр, ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин, Еуразиялық экономикалық комиссия Ақсақалдар төрағасы Михаил Мясникович, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы Станислав Зась, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары Қайрат Абдрахманов, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбай, Татарстан Президенті Рустам Минниханов және басқалар жолдады.

СЫР ЕЛІНДЕГІ НАУРЫЗ САЛТАНАТЫ

Табиғат-Ананың бусанып, тіршілік тірілетін жаңару айы сырбойлықтар бар сән-салтанатымен қарсы алды. Орталық алаңда ақшақан 18 киіз үй тігіліп, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін іс-шаралар, спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, мереке нышаны саналатын наурызкөже әзірленіп, әсерлі ән мен жыр төгілді.



Күн мен түннің теңеліп, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, көктемнің шуақты күндерінен үміт күттіретін Ұлыстың Ұлы күнінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова сырбойлықтарды өз Наурыз мейрамымен құттықтап, ақсарма тілегін жеткізді.

– Күн менен түн теңеліп, тіршілік атаулы оянып, айнала мәре-сәре болатын Ұлыстың Ұлы күні – жыл басы өз Наурыз баршаңызға құтты болсын!

Ақ боз үйлер тігіліп, дастарханымыз кеңінен жайылып, жиналған жұрт ән мен күйге бөленіп, абыр-сабыр болатын осы мерекені біраздан бері сағына күткеніміз де рас. Екі жылдан бері әлемді жаулаған пандемия салдарынан Наурыз мейрамын кен ауқымда атай алмадық. Міне, биыл індеттің беті қайтып, баріміз емен-жарқын атап өтуге мүмкіндік алдық.

Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың наурыз айында Қазақстан халқына Жолдауын арнауы еліміздің жаңа тарихи кезеңі төл жаңа жылымыздан басталатынын көрсетті. Наурыз өр отбасына күт болсын енсін, ырас-несібіміз мол болсын, шаңырақтарды шаттыққа кенелтіп, қуанышқа толтырсын деп тілеймін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! – деді аймақ басшысы.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Әлназарова және Мәжіліс Төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева елмен бірге Наурыз тойын тойлап, Сыр халқына бақ-береке тіледі.

Өңір басшысы алаңда тігілген киіз үйлерге кіріп, қазақы дәстүрмен бұлдіршіндердің тұсауын кесіп, жыр-термешілердің өнерін

көріп, жұртшылықпен бірге өз Наурызды қарсы алды.

Мерекеге жиналған тұрғындар тағамдар мен наурызкөжеден дәм татты. Өнерпаздар мерекені думанға бөлеп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Елтаңба авторына құрмет

Биыл – Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің бекітілгеніне 30 жыл. Осы айшықты датамен Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлының 80 жылдық мерейтойы қатар келді. Наурыз мейрамы қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жандарбек Мәлібекұлын I дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттап, одан кейін Елтаңба авторын 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, өз лебізін білдірді.



Мерейтой иесіне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың Алғыс хатын туған жері Жаңақорғанда аудан әкімі Руслан Рүстемов салтанатты түрде табыстады.

Кеше аудан орталығында ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына және Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлының 80 жасқа толуына арналған «Тағылым мол тұлға» атты салтанатты жиын өтті.

Жиында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлының «Арман шаңырақ» пьесасын жергілікті өнер шеберлері көрермен назарына ұсынды. Пьеса Елтаңбаның шығу

тарихын суреттейді. Оның желісі Жандарбектің бала күнгі арманы арқылы ұлт болмысын баяндап, шаңырақтың қасиетін көрсетуге тырысқан. Арнайы іс-шара Елтаңба авторының жерлестерімен пікірлесуімен жалғасты.

Айттыскер ақын Әбілқайыр Сыздықов Елтаңба авторына арнау өлеңін жолдады. Қазақы дәстүрге сай кеш қонағының иығына зерлі шапан жабылып, студент кезден бергі досы, ел ағасы Алшынбай Тұрғанов темір тұлпар мінгізді.

Мерейтой иесі киелі топыраққа тағзым жасап, жерлестеріне Елтаңба туралы тағылымды ойын жеткізді.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫ

Баға неге қымбат көрсетілді?

Кейінгі күндері әлеуметтік желілер мен интернет порталдарда мемлекеттік сатып алуға өте қымбатқа бағаланған сүт пен күртеше бағасына қатысты ақпарат кеңінен таралған еді. Осыған орай өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова мемлекеттік сатып алуға байланысты БАҚ өкілдеріне түсіндірме жасады.

Басқарма басшысының айтуынша, жарияланған ақпаратта техникалық ақау орын алған. Онда Шиели аудандық білім бөлімі бір литріне емес, бір жылдық қаражаттың көлемін көрсеткен.

– Бұл мәселелерге қатысты тиісті зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, Шиели аудандық білім бөлімі 1 литріне

емес, 1 лот яғни, жылдық сомасын 14 млн 577 мың теңгені көрсеткен. Ал Қармақшы аудандық білім бөлімінің №275 орта мектебі мемлекеттік сатып алу порталында жылдық жоспарды орналастыру барысында техникалық қателік жіберілгені анықталды, яғни бір күртешенің негізгі бағасы – 16 701,43 теңгеден болуы қажет. Алайда техникалық қателіктің кесірінен 1 млн 670 мың 14 теңге көрсетілгені анықталды.

Аталған деректер бойынша тиісті шаралар қабылданып, бөлінген қаржыға сәйкестендірілді. Ал жауапты сала мамандарына тәртіптік шаралар қолданылды, – деді Ақзира Бактыбайқызы.

Бұл тек жоспарланған жұмыстар, барлық лоттар бойынша ешқандай да мемлекеттік сатып алу жүргізілмеген. Аталған лоттар бойынша көрсетілген қаржы бөлінбеген.

«СБ» ақпарат

Украинада орын алған геосаяси жағдайға байланысты көптеген елдердің экономикасы тұйыққа тіреле бастады. Батыс Ресейге бұрын-соңды болмаған санкциялар салуда. Соның салдарынан әлемдік тауар алмасу үдерісіне едәуір шығын келді. АҚШ-тан бастап бүкіл Еуропа елдері азық-түлік тауарларының қымбатшылығын ә дегеннен сезе бастады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Тыңайтқыш нарығын не күтіп тұр?

Қазір көктемгі егіс басталатын уақытта сарапшылардың атап көрсеткеніндей, көптеген елдерде тыңайтқыштың тапшылығы орын алуы әбден мүмкін. Танғаларлығы сол, әлемдегі тыңайтқыш қорының 50-60 процентін сол геосаяси жағдайға қатысты жанжал орын алып отырған Ресей мен Украина өндіреді. Статистикаға сүйенсек,

өткен жылы Ресейде 30 млн тонна минералды тыңайтқыш өндіріліпті. Оның 70 процентке жуығы экспортқа шығарылған. Қазіргі жағдайға байланысты Ресей оны экспорттау көлемін едәуір қысқартатын болады. Әлбетте, бұл – Қазақстан шаруалары үшін де алаңдатарлық жағдай.

3-бет





● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Сауалдар әлеуметтік мәселелерден туындаған



Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова кезектілік тәртібімен азаматтарды жеке мәселелері бойынша онлайн форматта қабылдады. Жеке қабылдауда 21 азаматтың өтініші қаралды. Басым бөлігі – мүгедектігі бар азаматтар.

Тұрғындардың мәселелерін зерделеу үшін жиынға жауапты басқарма басшылары, онлайн режимде Қызылорда қаласы мен бірқатар аудан әкімдері қатысты.

Азаматтардың негізгі сауалдарының бағыты әлеу-

меттік мәселелерден туындайды. Мәселен, 13 сұрақ тұрғын үй кезегіне тұру, 2 сауал денсаулық, 2 сұрақ мәдениет саласына бағытталды. Сондай-ақ, су шаруашылығы, онаматика және әлеуметтік мәселелер де қаралды.

Аймақ басшысы тұрғын үйлерді табыстау бағытында Сыр өлінде баспананы пәтерлеп емес, шағын аудан ретінде табыстау жолға қойылғанын айтып, кезектілік ретімен баспана берілетінін жеткізді. Биыл 1000-нан астам үй табыстау жоспарда тұрғанын еске салды. Сонымен қатар көтерілген мәселелерді саралай келе, жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, заң аясында жұмыс жасау қажет екенін айтты.

Әрбір бастама маңызды

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиевамен кездесіп, азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған ортақ мәселелерді талқылады.

Жиын барысында аймақ басшысы қоғамды дамытуда азаматтық сектордағы әрбір бастаманың маңызды екенін тілге тиек етіп, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуеті негізінде бірлескен жұмыстарды сапалы орындауға мүмкіндік туатынын жеткізді.

– Азаматтық альянсқа топтасқан азаматтардың әрбірі ел дамуына қызмет етіп, түрлі ұсыныстар айтып, жаңа бастамаларды іске асыруға белсенділік танытып келеді. Ел Президенті өзінің Жолдауында саяси-экономикалық реформаларды жүзеге асыруда мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынты-

мақтастықта жұмыс жүргізуін және азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды тапсырды. Осы орайда, азаматтық қоғам құрылымдарына облыстық бюджеттен қаржылай қолдау көлемін соңғы 5 жылда 3 есеге ұлғайттық. Сондықтан алдағы уақытта азаматтық бастамаларды қолдауды одан әрі жалғастыратын боламыз, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Бану Нұрғазиева мемлекет пен азаматтық сектор арасындағы байланысты нығайту жолында тиімді жобаларды атқару және өңірдегі негізгі ерекшеліктерге сай конструктивті диалогқа



негізделген бастамаларды іске асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Айта кетейік, облыстық үкіметтік емес ұйымдар саны жыл санап көбейіп келеді. Бүгінде олардың қатары 1200-ге жуықтайды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Белсенді азаматтық қоғам мемлекет іргесін бекітеді

Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева бастаған делегация облыстық Жастар ресурстық орталығының ғимаратында орналасқан облыстық Азаматтық альянс ассоциациясына барды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова орталықтың жұмысымен таныстырды. Сондай-ақ аймақтағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесті.

Бүгінде облыста 1200-ге жуық үкіметтік емес ұйым тіркелген. Олардың арасында маңызды жобаны жүзеге асырып, халықаралық ұйымдардың гранттарын игеретіндер бар. Кездесуде ұйым жетекшілері жобалары туралы айтып, мақсаттарын бөлісті.

– Сыр өліне алғаш рет келуім. Облыстық жастар ресурстық орталығын аралап шықтық. Жастарға қажеттінің бәрі бар. Бос уақыттарын тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған екен. IT-Park, eGov кабинеті, теннис залы, шығармашылық бөлім, кітапхана – бәрі талапқа сай жасақталыпты. Жастардың түрлі шараларға қатысып жүргенін жақсы екен. Әсіресе үкіметтік емес ұйымдарға арнайы орталық бөлінгені қуантты. Облыс әкімдігінің азаматтық қоғамға назар аударуы елдің мұнына құлақ түргені деп білемін. Өзге аймақтарға үлгі етіп айтар жайттар көп екен, – деді Бану Нұрғазиева.

Мұнан соң делегация Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында болды. Онда оқу орнының әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыратын білім ордасында жүргізіліп жатқан істер туралы баяндады. Студенттердің белсенділігі университеттің қоғамдық шараларына, қаланың дамуына үлес қосатынын айтты.

– Әрбір қоғамдық жұмысқа олардың немісқарайлы қарамай атсалысуы қуантады. Ертең-ақ жас маман туған жерін түлетуге, Отанын дамытуға

үлес қосады. Белсенді жастар барлық жобаларға әзір. Олар үздік маман болып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық мәдени, рухани дамуы үшін жемісті нәтиже етуді армандайды, – деді ол.

Оқу орнында 22 жастар ұйымы бар. Олар ғылыми жұмыстармен, шығармашылықпен және кәсіпкерлікпен айналысады. Іс-шара соңында Ж.Базартай қоғамдағы естелік сыйлықтар табыс етті.

Мұнан соң делегация «Достық үйінде» этномәдени бірлестіктер өкілдерімен кездесті. Жиынға облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Руслан Каюпов пен этномәдени бірлестік жетекшілері қатысты. Онда ассамблея және Азаматтық альянс арасындағы әріптестік байланыс туралы сөз болды.

Жиында Р.Каюпов елдегі тұтастықтың, бірліктің маңыздылығына тоқталып, ассамблея мен Азаматтық альянс арасындағы өзара әріптестік қарым-қатынасты нығайту мақсатында бірлесіп жұмыс істеуге әзір екенін айтты. Жиынға қатысушылар екі ұйым арасындағы байланысты тұрақтандырып, қолдау бірлестігін жеткізді.

Азаматтық қоғам – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Сондықтан да елдің қалауын үкіметтік емес ұйымдар арқылы билікке жеткізетін халық қалауыларының да рөлі зор. Осы ретте делегация қалалық мәслихат депутаттарымен жүздесті. Кездесулер барысында Мемлекет басшысының Жол-

дауы мен одан туындайтын міндеттер және азаматтық қоғамды дамыту мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлер айтылды.

Келесі күні «Достық үйінде» облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай және үкіметтік емес ұйым мүшелерінің қатысуымен семинар өтті. Онда Нұр-Сұлтан, Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан облыстарының Азаматтық альянс көшбасшылары азаматтық секторды дамытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ұсынып, өз ойларын ортаға салды.

Жиында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында айтылған азаматтық қоғам институттарының жұмысын жандандыру жөнінде баяндады.

– Бүгінде аймақтағы мыңнан аса ұйымның жартысы облыстық қоғамдық өміріне атсалысып, әлеуметтік-мәдени жағдайын дамытуда белсенді жұмыс істейді. Соңғы үш жылда үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларына бөлінетін қаржы артты. Қолдау тапқан жобалар діни және ұлтаралық татулықты, жастар және отбасылық-демографиялық саясат, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастар бастамаларын қолдауға арналған. Облыс әкімдігі тарапынан қоғамдық ұйымдардың мақсаты айқын жобаларын қолдау жалғасатын болады, – деді М.Қазбекова.

Семинарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру тәртібі мен рәсімдерін жүргізу барысы айтылды. Сондай-ақ әлеуметтік жобаларға мониторинг жасау, жүзеге асыру және сапасын арттыру мәселелері де сөз болды.

Гүлбану МАҚАЖАН, Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

● ПІКІР-ПАЙЫМ

Қоғамды түбегейлі жаңғырту реформасы

Президент Жолдауының елдің болашақ дамуы үшін мәні мен маңызы айрықша болды. «Қантар оқиғасы» билікті де, қоғамдық институтты да оятты. Әлеуметтік-саяси-мәдени процестер жарылыс образының ықпалындағы ұғым ретінде емес, дәлме-дәл айтқанда бір ұшқынның жарылысы түрінде болды. Бұл жарылысты түсінбегендер, арандатушыларға ергендер қазіргі адам баласы үшін ең керекті қирату идеясы мен бүлінуден белгі қалдыру деп санады.

Конфликттер – кез келген қоғам үшін қалыпты жағдай. Себебі наразылық ешқашан күтпеген жерден пайда болмайды. Әрқашан оның бастапқы индикаторлары мен көрсеткіштері болады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша көпшіліктің наразылығын тудыратын бағаның өсуі, инфляция, жұмыссыздық сияқты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы өткір мәселелер болғанын дәлелдеді. Мұның барлығы қажығыстардың терең себептерін елеуменен туындады.

Азаматтар қашанда өздеріндегі мәселелерді айтқысы келеді. Бірақ өңірлерде олардың пікіріне ешкім мән бермейді. Әлеуметтік желі арқылы да әкімдердің көпшілігінде халықпен байланыста нақтылық болмайды. Кері байланыс жоқ. Егер жергілікті билік өкілдеріне сенім жоғары болса, олар өзіндік беделімен де наразылықты туындатпаса еді. Сондықтан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 7 наурызда «Әкімдердің халықпен кездесулері өткізуі туралы» Жарлығы шықты. Онда «Барлық деңгейдегі әкімдер халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудару отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін» делінген.

Бұл Жарлық әкімдердің наразы топпен тікелей кездесіп, билік пен қоғам арасындағы диалогтың тиімділігін арттырып, көптеген дау-жанжалдың алдын алуына көмектеседі. Бұл халықтың талап-тілегі мен әлеуметтік сұранысының арқанын, мемлекеттің ішкі және сыртқы тепе-теңдігіне шұғыл назар аудару қажеттігін аңғартады. Осындай сындарлы уақытта жолданған Президент Жолдауы көптің көкейінде жүрген көптеген мәселелерге жауап берді деп ойлаймын. Бұл өзгерістер қаласаң да, қаламасың да қажет еді. Жолдау осыған бағытталуымен назар аударды. Мемлекеттімізге қауіп төнген қантар оқиғасының сабақтарын талдай келе, бұндай жағдайдың енді қайталанбауы үшін қолдан келгенін барлығын жасау қажеттігіне, Қазақстанды түбегейлі жаңғырту ісін жаңа қарқынмен жалғастырудың маңызына тоқталды.

Президент жуық арада жүзеге асырылатын жаңа бағдарламасымен таныстырып, енді саяси, экономикалық монополияға жол берілмейтінін айтып, көптеген реформаларды ұсынды. Президент партия мүшесі болмайды. Осы ұстаным Орталық сайлау комиссиясының Конституциялық Кеңесіне, Есеп комитетінің мүшелеріне де қатысты болады. Палатаның құзыретін кеңейтудің нақты қадамы – өкілді билік тармақтарын қайта құруда заңдарды тек Мәжілістің қабылдауы, республикалық бюджетті бақылаудың күшейтуі. Облыстық мәслихаттардың, республикалық бағыныстағы қалалық мәслихаттардың төрағасы лауазымын енгізу мәслихаттарға бекіту үшін Президент тарапынан облыс әкімінің баламалы кандидатураларын ұсынуы бұл – шын мәнінде қажетті өзгерістер.

Мәжіліс депутаттарының 70% пропорционалды жүйе, 30% мажоритарлы жүйе арқылы сайлауға көшу, партияларды тіркеуді жеңілдету жаңа саяси мәдениетті дамытуға бағытталып отыр. Бұл қадамдардың барлық партиялардың қызметін дамытатынын сөзсіз. Көпшілік мұраты

қызық кешу философиясына құрылған, бұқаралық мәдениет құбылысы да бар ішкі мәнімен көрінбей, тысмен жүрт көзіне түсті. Бұған қосылған жаһандану үдерістері алып келген тұтынушылық психологиясы мен даралылық, өзіншілдік философиясы қазіргі замандастарымыздың санасына енуе. Міне, сондықтан бұрынғы кісілікті, ізгілікті, құтты, төзімділікті бәрінен жоғары қоятын халықтың санасы өзгерістерге, яғни трансформацияға ұшырауда. Бұл кез келген әлеуметтік процестерді, соның ішінде саяси процестерді коммуникативтік кеңістікте бұрмалауға әкеледі.

Бұл тұрғыда еліміздің идеологиялық, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баспасөз ақпарат құралдарының қабілетін арттырудың маңызы зор. Мемлекет пен қоғамның сындарлы әріптестігін дамытудағы азаматтық қоғамның рөлін күшейту де басты назарда болмақ. Себебі, тәуелсіз баспасөз ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам бұл реформаларды жеделдетуге ықпал етеді. Ұлттық Құрылтай құру тәжірибесі Ұлы Дала демократиясының жалғасы ретінде, билік пен халық арасындағы алтын көпір болатынына сенімдіміз.

Ауқымды саяси реформалар еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге де қатысты болды. Соның ішінде ел қуанған бастама – елімізде жаңа облыстардың құрылуы. Абай облысының орталығы Семей, Ұлытау облысы орталығы Жезқазған, Жетісу облысының орталығы Талдықорған, Алматы облысы орталығы Қапшағай қаласы болады. Бұл шынымен тарихи бастама, елдің көптен бергі тілегі еді. Өлемде жер көлемінен 9-орын алатын кең-байтақ еліміздің территориялық кеңістігін ұстап тұруға, ондағы азаматтардың миграциясына және инфрақұрылымдарына, әлеуметтік ахуалына төнген қауіптердің алдын алуға жасаған өте маңызды стратегиялық қадам десек болады. Жаңа облыстардың ашылуы әсіресе Семей, Жезқазғандағы тұрғындардың үдере көшпеуіне, инфрақұрылымдары мен әлеуметтік ахуалына, ондағы территориялық аймақтық тұтастықты сақтап қалуға әсерін тигізеді. Сонымен қатар Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының құрылуы және т.б. қойылған міндеттер халықтың тыныс-тіршілігінің кеңейіп, жұмыс орындарының көбейіп, әл-ауқатының артуына зор мүмкіндіктер туғызады деп білемін.

Жаңа облыстарға қазақтың әлемдік деңгейдегі кеңестері Абай Құнанбайұлының, көшпелі мәдениеттің, дала өркениетінің энциптерін болып саналатын тарихи орталық Ұлытау атының берілуі бұл да – тарихқа құрмет. Қазіргі кезде бүкіл әлем күрт өзгерістер мен жаңа ізгілікті бағдарлар таңдау жағдайында тұр. Қазақстан да қазіргі уақытта өзінің өркениеттік болашағын анықтау жолында. Осындай жағдайлар қисынында Президент Жолдауы көптеген күрделі мәселелерге тиісті деңгейде жауап берді.

Өзіндік даму бағытын іздеу, жаңғырту үдерісін ұйымдастыру бойынша тұжырымдамалық шешімдер әзірлеуде Қазақстанның одақтасқан міндеттемелері экономикалық мүлделерге келгенде едәуір қиындайды. Қазіргі таңда барлық саланы жүйелі жаңғырту, әділ де ашық бәсеке арқылы еді демократияландыруға ықпал етіп, мемлекеттің тұрақтылығын бекемдеуге бағыттауымыз керек. Бұл тұрғыда, әзірленген реформалар тәуекелдердің алдын алады, нақты іске асырылған кезде мемлекеттің тұрақты дамуына әсерін тигізеді деп сенеміз.

Жаркынбек ӘБІКЕНОВ,
PhD, Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университеті философия және әлеуметтік-
гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Халық күткен жаңғыру

Бәрімізге белгілі, Мемлекет басшысы Конституциямен бекітілген міндеттеріне сәйкес Қазақстан халқына елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты жыл сайын арнайы Жолдау жолдайды. Жолдаудан халық жағымды жаңалықтар мен келелі өзгерістерді күтетіні анық.

Президенттің әкімшілік-аумақтық құрылыстарды басқаруға қатысты шешімдері, оның ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағынан сұранысқа ие болып отырған Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарының құрылуы, Қапшағай қаласының атауын халықтың жүрегінен орын алған қазақтың біртуар ұлы Д.Қонаевтың атымен атауға ұсыныс жасауы ұтымды деп есептеймін.

Сонымен қатар, еліміздің саяси жүйесінде де алдағы уақытта басқарушы суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтылды. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді. Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынды. Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға тыйым салынатыны ашық айтылды.

Құқық қорғау саласына қатысты тың ақпараттар бар. Елімізде алдағы уақытта Конституциялық сот құрылады. Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігі беріледі. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенеміз. Сондай-ақ, институционалды тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарту түседі деп үміттенеміз. Осы Жолдауда айтылған тапсырмалар уақытылы орындалса, Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет болып қалыптасуында өзіндік үлес болары сөзсіз.

Еркемай САНИЯЗОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі

Сапалы әрі сындарлы серіктестік

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы жаңа дәуірдің тың бастамаларына арналды. Оның ішінде, әсіресе, азаматтық институттардың жұмысын нығайтуға бағытталды.

Үкіметтік емес ұйым – билік пен халықтың ортасындағы байланыстырушы көпір. Әлеуметтік мәселелерді көтеруде олардың орны ерекше. Президент қазір мемлекет пен ҰЕҰ-ның тығыз ынтымақтастықпен жұмыс жасауының арқасында қоғамдық институттарды жүйелі түрде жаңғырту талап етілетінін атап өтті. Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажеттігіне де тоқталды. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануы қамтамасыз ету керектігін де баса айтты. Бұл мәселе бойынша көзбояушылық жасауға болмайтынын да жасырмады. «Біз мәзіле азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашудымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан боламын. Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалды әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек», – деді Мемлекет басшысы.

Облыс көлемінде айтар болсақ, тіркелген ҰЕҰ-лардың қазіргі таңда барлығы бірдей жұмыс жасамайды. Сандық көрсеткіш көп болғанымен, шын мәнінде жұмыс жасап жатқандары аз. ҰЕҰ өкілдеріне қарағанда көзқарас та жоқ емес. Өйткені көпшілік арасында қоғамдық ұйымдар тек Үкіметтен ақша алу үшін тіркеліп, сапаға емес, санға жұмыс істейді деген пікірлер де бар. Рас, көп ұйымдар бір жобаны алып, оның жүзеге асуына салғырттық танытады. Шын мәнінде қоғамның мәселесін шешуге бағытталмайды. Осы тұрғыда қоғамдық ұйым өкілдеріне деген сенімнің екіжақты болуы да заңдылық. Сондықтан барша әріптестерді белсенді жұмыс жасауға шақырамын.

Сағатбек ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ,
облыстық мүгедектер
қоғамының төрағасы

● БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

«Еркетай» ойын алаңы ашылды



«Балалар жылы» аясында Сыр елінде түрлі деңгейдегі іс-шаралар бастау алды. Наурыз мерекесі қарсаңында оқушылар үшін заманауи обсерватория мен киностудияның лентасы қиылды, аймақ бүлдіршіндеріне арнап «Еркетай» балалар алаңы ашылды.

Өз Наурыз мерекесінде облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына барып, «Балалар жылы» кітапханасына атты танымдық

іс-шараға қатысты. Өңір басшысы бүлдіршін оқырмандардың көркем әдебиетті қызығып оқып, көңілді уақыт өткізу үшін жасалған көрме бұрыштары мен арнайы кабинеттерді көріп, зейіні ерек балалармен тілдесті. Кітапхана қорындағы балалар әдебиеті жас ерек-

шелігіне қарай бірнеше залға қойылған. Мәселен, «Балдырғандар» залында мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған танымдық энциклопедиялар, трансформер кітаптар, әлем елдерінің ертегілер жинақтары бар. Мұнан бөлек, «Кітаппен бірге өсеміз», «Әжемнің ертегілері», «Ертегілер елінде» жобалары аясында алынған туындылар да беріледі. Аймақ басшысы «Балдырғандар» залында бүлдіршіндермен әңгімелесіп, олардың кітап оқуға деген ынтасы туралы ой өрбітіп, зерделі оқушыларға «Наурыз калта» сыйлықтарын таратты.

«Балалар әдебиеті» залында 8-14 жастағы оқырмандарға мектеп бағдарламасын игеруге көмектесетін анықтамалық және оқу-әдістемелік әдебиеттер қарастырылған. Сондай-ақ, бөлім жанында «Алақай» қуыршақ театры мен «Смер» үйірмесі қызмет көрсетуде. Оқу бөлімінің жұмысымен танысқан облыс әкімі балалар кітаптарының топтамасын сыйға тартты.

Сондай-ақ, «Балалар жылы» аясында кітапханада өсем безендірілген «Еркетай» ойын алаңы ашылды. Мұнда балалар еркін демалып, кітап оқып, үстел футболын ойнап, ой сергітіп, түрлі пазлдарды құрастырып, ми тынықтыра алады.

Оңалту орталығындағы мереке

Ұлыстың Ұлы күнінде облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова мүгедектерді оңалту орталығындағы қызмет алушыларды өз Наурыз мерекесімен құттықтап, ардагерлермен пікірлесті. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Мұрат Бактиярұлы мен Ақмарал Әлназарова, Мәжіліс төрағасының орынбасары Байайым Кессебаева және Сыр елінің зиялы қауымы қатысты.

Аймақ басшысы алдымен мерекелік көріністерді тамашалап, орталықта қызмет алушылардың қолынан шыққан өнімдер қойылған көрмені көрді. «Модельдік пәтер» жұмысымен танысып, орталық қызметінің тиімділігі туралы сөз қозғайды.

– Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басып жатырмыз. Наурыз мейрамы аясында өздерінізбен жолығып, жаңару күнін бірге өткізіп отырмыз. Бұл оңалту орталығы мүгедектігі бар азаматтарға түрлі деңгейде реабилитациялық көмек береді. Облыста бір жылдың өзінде әлеуметтік саладағы бағдарламаларға 19,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға 3,1 млрд теңге қаржы бағытталып отыр.

Жақында ғана облыстық мүгедектер қоғамының орталығы ашылды. Бұл мүгедектігі бар жандар үшін қоғамда кедергісіз орта қалыптастыруға, құқықтарының қорғалуына, бос уақыттарын тиімді пайдалануына мүмкіндік беретініне сенімім мол.

Келіп жеткен Наурыз әр отбасына құт болып еңсін, ырыс-несібіміз мол болсын, шаңырақтарды шаттыққа кенелтіп, қуанышқа толырсын деп тілеймін! Ұлыстың Ұлы күнінде игі тілектеріңіз қабыл болып, халқымыз аман, істеріңіз табысты, жеріміз тыныш, бірлігіміз берекелі болғай! – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада демеушілер есебінен салалық 5 мекемеге 500 мың теңгелік сертификат табысталды.

Көктем нұрын төккенде

«Балалар жылына» тарту ретінде Сыр елінде республикалық оқушылар айтысы ұйымдастырылды. «Көктем нұры» атауымен айшықталған доға өз Наурыз мерекесінің ажарын ашты.

Айтыста еліміздің 5 өңірі мен Қызылорда қаласы және Сырдария, Шиелі аудандарынан келген 10 айтыскер бақ сынады. Көрермендер сөзден қамшы өрген арқалы жас ақындардың өнеріне тәнті болды.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова сөз додасына түскен жас ақындарды қолдап, «Балалар жылы» аясында оқушылар арасындағы айтыстың Қызылордада басталуының өзіндік мәнін атап өтті.

– Ойлы сөзді айта білген айтыс

ақындарын халық қашан да құрмет тұтқан. Облыста айтыс дәстүрлі түрде үздіксіз өтіп келеді. Сыр елі өзінің әрідегі Нартай, Манап, кешегі Маханбетқали, Заматдин, берідегі Серік, Елена, Әбілқайыр, бүгінгі Мұхтар, Нұрмат, Мейірбектей ақындарымен мақтанады. Соның ішінде айтыстың ақтангері Мұхтар Ниязовтың үш мәрте «Алтын домбыра» иегері атануы ұлттық өнеріміздің Сыр еліндегі мәртебесінің көрсеткіші секілді.

Міне, ұрпақтар сабақтастығының белгісіндей республиканың түкпір-түкпірінен дарынды, ойы зерек, темірканат жас түлек ақындарымыз Сыр өңіріне жиналып отыр, – деді аймақ басшысы.

Сөздің құнын жоғары қойған жас ақындардың сөз додасына белгілі айтыскер ақын, мемлекеттік

«Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов және белгілі жыршы-терменші, халықаралық конкурстардың лауреаты Амандық Бүрлібаев төрелік етті.

Байқау қорытындысымен халық ақыны Манап Көкенов атындағы бас жүлде мен ақшалай сыйлық қызылордалық Мейржан Қартбайға табысталды.

І орын маңғыстаулық Ерсултан Аушановқа, II орын шиелілік Әмірхан Эльдарға бұйырды. Сондай-ақ, Тараз қаласының тумасы Аліхан Яшар мен актубелік Нұрадин Арай III орынды өзара бөлісті. Мұнан бөлек, арнайы номинация жеңімпаздарына 100 мың теңгеден 5 жүлде табысталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Тыңайтқыш нарығын не күтіп тұр?

Жуырда Парламент Мәжілісінің депутаттары Ауыл шаруашылығы министрлігіне арнайы хат жолдап, осы жайында өздерінің алаңдаушылығын білдірген еді. Министрдің бірінші орынбасары Айдарбек Сапаровтың мәлімдеуінше, Ресей үкіметі тыңайтқыштар экспортына қатысты шектеуді Еуроазиялық экономикалық одаққа мүше емес елдерге енгізу ниетін білдірді. Сондықтан Қазақстан нарығында ресейлік тыңайтқыштар еркін саудада болады.

Өткен жылы Қазақстан Ресей Федерациясынан 500 мың тоннаға жуық минералды тыңайтқыштар импорттаған. Сонымен бірге А.Сапаровтың айтуынша, Қазақстандағы минералды тыңайтқыштар сұранысы отандық өндіріс пен импорт көлемі есебінен жабылады. Қазір республикада тыңайтқыш өндіретін 12 зауыт жұмыс істейді.

Бүгінгі әңгіме тыңайтқыштың бағасына қатысты болып отыр. Деректерге сүйенсек, соңғы айлардың ішінде амак селитрасының бағасы екі жарым есеге қымбаттаған. Жалпы қымбатшылық ауыл шаруашылығы өніміне қатысты шикізаттардың барлығына тән екенін жасырғымыз келмейді. Қазір республикада тыңайтқыштарды субсидиялаудың деңгейі 50 процент шамасында. Сарапшылар бұл деңгейдің қазіргі жағдайда аз екенін айтады. Көптеген шаруаларға қиындық келтіретін мәселенің басты түйткілі осында болып отыр. Айталық,

1-бет

өсімдік шаруашылығындағы өнімдердің өзіндік құнының 15 процентін тыңайтқыш құрайды. Ал Сырдың басты дақылы – күріштің өзіндік құнындағы тыңайтқыштың үлесі одан да жоғары. Жер ескірген. Ол қайта жаратандыруды, ауыспалы егіс жүйесін енгізуді, өнім сапасына айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Барлығы қаржыға тіреледі. Бұдан шығатын қорытынды – биыл шаруаларды қаржы жағынан күрделі қиындықтар күтіп тұр. Осының барлығы мемлекет тарапынан үлкен қолдауды қажет етеді. Қолдау тиісті деңгейде көрсетілетініне үміттенеміз.

Сарапшылар алдағы жылдары әлемде азық-түлік өнімдерінің тапшылығы болатынын айтады. Бүгінгі Украинадағы ахуал оны барынша ушықтырып жіберді. Жылдың соңында әлеуеті, тұрмысы жоғары деген Еуропа елдерінде көптеген қиындықтар туындауы әбден мүмкін. Ал Азия мен Африканың бірқатар елдері аштық тауқыметін тартатыны туралы қазірдің өзінде ашық айтыла бастады. Бұл бір жағынан Қазақстанның аграрлық ел ретіндегі мүмкіндігін жаңа қырынан ашады деген үміттеміз.



Қызмет алушыларға дәм ұсынылды

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация KE АҚ облыс бойынша филиалы Наурыз мерекесін атап өтті. Халыққа қызмет көрсету орталығының №1 бөлімінде мерекелік шара ұйымдастырылып, қызмет алушылар наурызкөжеден дәм татты. Сондай-ақ осы бөлімде филиал директоры Айнур Тобаева мен жиын қонағы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Аскарбек Ежанов қос сәбидің тұсауын кесіп, бүлдіршіндердің алғашқы қадамына сәттілік тіледі.

– Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпыхалықтық сүйікті мерекеге айналды. Өз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық отандастардың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз. Баршаңызды Ұлы-

стың Ұлы күнімен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Ақ мол, жыл ырысты болсын! – деді филиал директоры.

Наурыз тойы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация KE АҚ облыс бойынша филиалында жалғасын тапты. Ғимарат алдында тігілген киіз үйде мерекеге арнайы шақырылған қонақтар мен ардагерлерге арналған ақ дастархан жайылды. Меймандар наурызкөже ішіп, дәстүрлі қазак әндерін тыңдады. Мұнда ұлттық дәстүр бойынша баланың тұсауы кесіліп, меймандар ақ батасын берді. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған іс-шара өзге бөлімдерде де аталып өтті.

Әлібек ЖАҒПАСБАЕВ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация KE АҚ облыс бойынша филиалының маманы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМІ

20 жылғы Қызылорда қаласы

«Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:
1. «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында:
Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 14, 15, 16, 17-жолдармен толықтырылсын:

| | |
|-----|------------------------------------------------------|
| 14. | Теренөзек кенті, «Мирас» дүкені – орталық емхана |
| 15. | Теренөзек кенті, Б. Момышұлы көшесі – орталық емхана |
| 16. | Теренөзек кенті, №131 орта мектеп – «Соуст Ойл» |
| 17. | Інкәрдария ауылы – Теренөзек кенті |

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

Шарт қайта жасалды

Қызылорда қалалық прокуратурасы жүргізген қадағалау жұмыстарының нәтижесінде жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлердің құқықтарын шектейтін акт қабылдағаны анықталды.

Атап айтқанда Қызылорда қаласы әкімдігінің қалалық жер қатынастар бөлімі 2020 жылы өткізген сауда-саттық хаттамасымен Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 70 кәсіпкерлік субъектісіне кәсіпкерлік қызметтерін дамыту және жүзеге асыру үшін жер учаскелері 1 жылға жалдау құқығымен сатылған. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 35-бабы 2-бөлігіне сәйкес елді мекен шегінде

объектілер салу үшін пайдаланылатын жер бойынша уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы кемінде 3 (үш) жыл мерзімге беріледі.

Алайда жергілікті атқарушы орган жер учаскесін жалдау құқығын аукционға сату кезінде 3 жылға бермей, заңсыз түрде мерзімін 1 жылға белгілеп, кәсіпкерлердің құқығын шектеген. Соның салдарынан кәсіпкерлер қысқа мерзімде құрылыс жүргізе алмаған.

Аталған дерек бойынша Қызылорда қалалық прокуратурасы кәсіпкерлік субъектілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында қала әкімдігіне наразылық актісін енгізіп,

нәтижесінде әкімдік пен кәсіпкерлер арасында қайтадан қосымша 2 жылға шарт жасалып (3 жыл мерзімге толыққанды), жер телімдерін жалға алу мерзімі ұзартылды.

Қызылорда қалалық прокуратурасы бизнесті қорғау бағытында қадағалау жұмыстарын жалғастыруда. Бұл бағытта мобильді топ жұмыс істейді және 8-7242-24-76-95, whatsApp 8-775-721-45-28 сенім телефондарына кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу деректері бойынша хабарласуға болатынын назарға саламыз.

Қызылорда қаласының прокуратурасы



● БҮГІН – НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ



Өздерің білер Нартаймын

Қазақтың халық әншілерінің ішінде сан қырлы өнерпаздар көп болды. Әдетте олар әнші-орындаушылар, музыканттар, композиторлар ғана емес еді. Олардың ішінде көрнекті ақындар, ақын-импровизаторлар бар. Қазіргі кезде оларды әнші-ақын немесе ақын-жыршы деп атайды. Мұндай ақын-жыршылар әдетте әдебиетте де, музыкада да елеулі із қалдырған.

Олардың жұмыстарымен әдебиеттанушылар, әдебиет тарихшылары мен музыкатанушылар, музыка тарихшылары да айналысады. Жыршы-термешілер, жыршы-әншілер ішінде ең құрметті орындардың бірін алатын Нартай Бекежанов. Ол әнші ретінде ерте танылды. Жалпы халыққа Нартайдың ауызша да, жазбаша да шығарған өлеңдері көп тараған жоқ. Ал музыкалық сүйемелдеумен жазылған әндер немесе өлеңдер алғашқы кезден-ақ есте қалды. Оның ән-жыршының аз ғана уақыттың ішінде бүкіл Қазақстанда таныла бастауы музыканың арқасында.

Ұлттық мәдениеттің қарыштап дамып келе жатқан жылдары Нартай есімі бүкіл Қазақстанға белгілі болды. Ақын 1890 жылы Шиелі ауданы, Бестам ауылында дүниеге келген. Әкесі қайтыс болғанда екі жасқа да толмаған еді. Отбасы асыраушысыз қалды. Он үш жасқа дейін бала анасымен бірге тұрды. Ерік-жігері күшті, жігерлі ана тәрбиесіне қарап өскен. Көптеген қиындықтар мен сынақтарды бастан өткерді. Мұқтаждық, күнделікті күйбең тірлік оның әнші ретіндегі табиғи дарынын сөндірмеді. Нартай құрайды сұбызғы жасап, күні бойы үйреншікті ән мен күй шертетін. Ән айтып, түрлі аспаптарда ойнай бастады.

Ағасы Мәнсүр ақынның әндері айналадағы барлық ауылдарда шырқалды. Анасы мен ағасы бірге-бірге Нартайдың бойына музыкаға, ақындық сөзге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиеледі. Дәл осы кезде оның тағдырын шешкен оқиға орын алды. Ақмешіт қаласына Арқа мен Ұлытауға атақты ақын Тайжан келді, өз өңірінің әндерін ала келді. Осы күндері Тайжанның жанында жүрді, соңынан ерді. Тәжірибелі, сезімтал әнші Тайжан жігітті байқап, еркелетіп, жігерлендіріп, әншінің қиын да абыройлы жолын, оның талантына аса мән беру, аялау, өсіру қажеттігін айтып берді.

– Аралап Сыр бойында серуен еттім, Ән шырқап жырдан талай көш жөнелттім. Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп, Әнімді мен Нартайға тастап кеттім, – депті. Тайжанның кеңесі әншінің жан дүниесіне сіңіп, өзін шәкірті санайтын.

Нартай қолына сырнай, домбырасын алып, Сырдария бойы мен Түркістанның ауылдарын аралайды. Даңқ тез келді. Онсыз бірде-бір той-думан өтпеді. Күшті, әдемі дауысымен «Құлыншақ», «Қалжан», «Қараторғай» және ұстазы Тайжан ақынның көптеген әндерін шебер орындады. Барлық халық әншілері мен композиторлары сияқты Нартай да нота жазуды білмеген. Ол кезде ауылдарда композиторлардың шығармаларын нотаға түсіретін музыкалық сауатты адамдар жоқ еді. Сондықтан

Нартай шығармаларының қашан, қай жерде, қандай себеппен жазылғанын дәл айта алмаймыз. Халық арасында кең тараған әндердің бірі – «Нартай әні» отызыншы жылдардың басында белгілі болды. 1934 жылы маусымда Алматыда өткен Бүкілқазақстандық бірінші жиында «Нартай әнін» Жаппас Қаламбаев қобыздың сүйемелдеуімен орындады. Еліктірер лирика мен шынайылыққа толы, өте ерекше туынды.

Әнші өзіне лайықты орындау стилін табуы керек, әйтпесе әуен өзінің сүйкімін жоғалтады. Нартайдың әнін тек күшті, кең дауыс иесі ғана орындай алады. Терендігі мен музыкалық қасиеті жағынан ол кемел, тәжірибелі композитордың туындысы екені сөзсіз.

Ансамбльге жетекшілік ету үшін адам музыкалық дарынды, өнерпаз болуы керек. Нартай асқан талантты, мәдениетті өнерпаз еді. Осы жан-жақтылығы оны қазақтың талай ақындарының ішінде ерекше етіп көрсетті. 1939 жылы қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбылдың шығармашылық қызметінің жетпіс жылдығына арналған салтанатты жиынға шақырылады. Ақындар арасынан атақты Нартайды байқаған Жамбыл сүйсініп, жанына келіп:

– О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,
Сөзің тәтті, дәмді екен
Шекер балдай.
Жүректі сілкіндіріп
бір ояттың,
Сарғайып күншығыстан
атқан таңдай, –

деп, жырларының эстетикалық қуатына баға берген. Оның ғажайып таланты, ақындық шеберлігі туралы қарт ақын кейін бір емес, бірнеше рет айтқан. Алып ақындарының басқосуында Жамбыл өз тілегін айтады:

– Нартай, Кенен,

Нұрлыбек,
Маясар, Қуат, Жаксыбай
Өлең-жырды дүрілдет –
Жаркылдатып жасылдай.
Сөздерінің күшінен
Жау жүрегі түршіксің,
Жырларыңды естіген
Дос құмардан бір шықсын!
1943 жылы қыста Алматыда айтыс өтті. Айтысқа атакты ақындар Шашубай, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек, Нартай қатысқан. Ақындардың басым бөлігі айтыстың сыналған түрі – термеге жүгінсе, Нартай сырнаймен сүйемелдеп, әнді кенінен орындады. Ол кезде алпысты алқымдағанымен даусы бабында еді. Айтыстың қорығында кешінде Нартай өз ансамблімен өнер көрсетті. Талантына тәнті болған Сәбит Мұқанов былай деп жазды:

– Жүлделі жүйрік

Нарекен,
Сүйсінгендей бар екен, –

депті. Нартай қалалардан, вокзалдардан алыс шалғай ауылда өсті. Мектепке баруға, білім алуға мүмкіндігі болмады. Бірақ табандылықтың арқасында

әріпті өз бетінше меңгеріп, оқу мен жазуды үйренді. Білімге құмартып, қолына түскеннің бәрін жазып, оқып, ақырында біраз білім алды. Оның дүниетанымы кең еді. Мұның бәрі оның әдеби шығармашылығында із қалдырды. Ауызша өлең шығаратын халық ақындарының басым көпшілігіне ұқсамай, шығармаларын қағазға түсірді. Сөйтіп, ол ауызша-поэтикалық шығармашылықтың өкілі ғана емес, жас жазба әдебиеттің де көшбасшыларының бірі болды. Айта кету керек, қағазға түсірілген өлеңдердің барлығы дерлік автордың әуенімен жазылған. Бұл өлеңдердің кейбіреулері музыкалық сүйемелдеумен, уақыт өте келе әнге айналды. Басқалары термемпровизациялық-речитативті ән түріне көбірек ұқсайтын болса, үшіншісі терме әуенмен ұштасып жатты. Бұл шығармалардың барлығында Нартайдың музыкалық стилі айқын көрінді. Оны басқа композиторлардан ажырату әрқашан оңай.

Қазақтың ұлттық кәсіби өнері отызыншы жылдардың басында бұрын-соңды болмаған өрлеуді бастан кешірді. Нартай да орасан зор шығармашылық күштердің ағынын сезінді, танымалдығы күн сайын арта түсті. Жалпы, социализм құрылысы жылдарында халық әншілерінің, күйшілерінің, ақындарының қоғамдық қызметі айтарлықтай кеңейді. Олардың тұлғасынан партия белсенді көмекшілерін тапты. 1937 жылы Нартай Шиелі ауданының мәдениет бригадасын басқарды. Бастапқыда шағын бригада көп ұзамай облыстық ансамбльге айналды. Құрамында жырлар, әншілер, домбырашылар, бишілер, жатқа айтушылар болды және үлкен жетістікке жетті. Көркемөнерпаздар ұжымы репертуарымен ерекшеленді, оның құрамында қазақтың халық әндері мен күйлері, кеңес композиторларының шығармалары, дәуір тақырыбына арналған очерктер мен бір актілі пьесалар болған.

Халық бұл топты Нартай ансамблі деп атаған. Ансамбль Ұлы Отан соғысы жылдарында жан-жақты қызмет атқарды. Шымкентте, Жамбылда, Қызылордада, сонымен қатар республикадан тыс жерлерде Ош, Жалал-Абад және Өзбекстан, Тәжікстан Қырғызстанның басқа да қалаларында өнер көрсетті. Өзі әнші болып, лирикалық және патриоттық әндерді орындады, домбыра мен сырнай тартты, басқа әншілерді сүйемелдеп, ансамбль репертуарын анықтады, артистердің рөлдерін табуға көмектесті, репетициялар жүргізді, жатқа өлеңдер жазды, ойын-сауық көрсетті. Бірақ, біздіңше, ол ең алдымен әнші болған. Әдебиет сыншылары, әдебиет тарихшылары бізбен келіспеуі мүмкін, өйткені олар үшін Нартай ақын, одан кейін әнші, сазгер болса керек. Жетекші ретінде қарапайымдылығымен, талапшылдығымен ерекшеленді.

Ансамбль соғыстан кейін де өз қызметін тоқтатқан жоқ. Нартай жаңа әндер мен өлеңдер жазды. Репертуарында жаңа тақырыптар болды: бейбітшілік үшін күрес, халық шаруашылығын қалпына келтіру, қолхоздардағы өмір. Еліміздегі барлық маңызды оқиғаларға үн қосты. Нартайдың өлеңдері мен әндері облыстық, республикалық газет-журнал беттерінде үзбей жарияланып тұрды. 1950 жылы «Домбыра сазы» деген атпен оның өлеңдері мен әндер жинағы жарық көрді. Жинақ қазақ поэзиясындағы елеулі оқиға болды. Әдеби мұрасын Әдебиет және өнер институты жинаған. Сөз соңында ақынның мына өлең шумағын келтіруді жөн көрдім:

– Өмірде жаман атқа қалғаным жоқ,
Өкініш, қиянатқа барғаным жоқ.
Халық үшін өз әлімше қызмет еттім,
Сондықтан өтсем-кетсем, арнамым жоқ.

Нұрдаулет НАҚШПОВ,
Н.Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің қор састаушысы

● ЕРТЕҢ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР КҮНІ

Актрисаның әдемі әлемі

Қазақ театрының тарихына бойласақ, өмірін өнермен өрнектеп, қайталанбас бейнелер қалдырған Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Әмина Өмірзақова, Хадиса Бөкеева, Фарид Шәріпованың есімдері сақталған. Қазір де сол театр тарландарының ізін жалғастырып, қазақ сахнасының саңлағына айналған актрисалардың есімдерін аса құрметпен айтуымызға болады. Олардың қайсысын алсаңыз да, театр тарихынан таусылмас сыр шертеді. Солардың бірі – ҚР Мәдениет қайраткері Залипа Төлепова. Бала күнінен сахнаны армандаған өнер иесі бүгінде таланттымен төрге озған.

Сb Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Сұлутөбеде дүниеге келген Залипа Тұрғанбайқызы бойындағы өнерге деген ынтызарлық бала кезден басталғанын айтады.

– 1968 жылы 1-сыныпта оқып жүргенімде ауылымызға «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклімен артистер келді. Баянның тілересіне түскен бұрмына, сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына қызығып, осындай актриса боламын деген ой қалыптасты. Сол ой арманға, арнамым мақсатыма айналды. Осылайша өнер жолына қадам бастым, – дейді.

сыған қызының рөлін сомдаған кейіпкеріміз көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

– И.Сапарбайдың бұл шығармасы – театр сахнасындағы шоқтығы биік туындылардың бірі. Оның өресі кең, құпиясы ашылмаған. Әйгілі Шәмші рухына бағышталған бұл туынды оның тағдырын бейнелейді. Атақты композитордың әндері ешқашан өлмейді. Қайта жыл өткен сайын жаңғырып, айтқан сайын жанара түседі.



анықтығы, әр сөздің астарына мұқият үніліп мағынасын тура жеткізе білетін шеберлігі – бөлек әңгімеге арқау болатындай дүние.

Сахна мәдениетіне жетік, зерделі актриса бір спектакльде бірнеше жылдар бойы үздіксіз ойнаса да, жаңа бір серпін мен тың бояулар тауып, уақыттың талабына сай жаңғыртып көрермендердің эстетикалық талап-тілегіне лайық үн ката біледі. Қырық жылдан астам уақыттың ішінде көптеген үлкенді-кішілі рөлдерде ойнап, театр өнеріне өлшеусіз үлес қосты. Сахна төрінде жасындай жарқыраған өнер иесінің табиғи таланттың ұшталып, қайталанбас бейнелер жасауына театр режиссерларының ықпалы зор. Олардың барлығы да актриса мүмкіндігін дұрыс танып, талантының халыққа жетуіне себепкер болды. Өнердегі ұлағатты өмірімен халқының қошеметіне бөленген Залипа Тұрғанбайқызы өзінің сүйікті театрының жаңа белестерден көрінуіне әлі күнге дейін аянбай еңбек етіп келеді. Сахнада сергек қимылдап, тез ойланатын өрелі өнерпазға әріптестері үлкен ризашылық білдіреді.

– Залипа – мамандығын дұрыс тапқан жан. Көркіне ақылы сай, өз ісінің шебері әрі өте білікті ұстаз. Оның шәкірттері – үлкен сахнаға жол тапқан талантты жандар. Залипа кез келген сәтте басқаларға қол ұшын созуға дайын тұрады. Театрға деген ықыласы ерекше. Әрбір қойылымға жауапкершілікпен қарайды. Ал мұның барлығы үлкен тәжірибені талап етеді. Өмірдегі орны тіптен бөлек. Оның тәрбиесін алған жандар өмірден өз орындарын табытынына кәміл сенемін, – дейді театр артисі Ұғым Баймаханов.

Артистің сахнада бейнеленген сан алуан кейіпкерлерінің барлығы дерлік театр шығармашылығының белді-белді асуларының белгісіндей көзге түседі. Аққуба жүзді, сұнғақ бойлы актриса ақылына көркі сай нәзікжандылардың рөлін керемет сомдайды. Содан болар З.Төлепованың кейіпкерлері көрермендерді алға жетелеп, олардың кеудесінде оптимистік оттың шоғын маздағып жібереді.

Залипа Тұрғанбайқызы – талантты артист ғана емес, аяулы жар, ардақты ана. Бүгінде жолдасымен бірге төрт ұл тәрбиелеп, жеті өмірге сүйіп отыр. Өнердегі өмір жолы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі.



Алғашқыда өнер жолына келуіне ата-анасы қарсылық білдіргендіктен, медицина училищесіне құжат тапсыруға мәжбүр болған. Кейін Жамбылдағы өнер мектебіне оқуға түсіп, оны аяқтаған соң Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына жұмысқа орналасып, бүгінге дейін осы театрда қызмет етіп келеді.

– Маған әсер еткен, көңілімді оятып, өнер жолына алдып келген Ақбайды 1990 жылы сомдадым. Оған дейін «Еңлік-Кебек» спектаклінде рөл ойнадым. Театрға келген күннен бастап бірыңғай басты рөлдерді сомдап жүрмін. Алғашқыда А.Чеховтың «Апалы-сінлілі үш қыз» спектаклін қойып жатыр екен. Бас режиссері Хүсейін Әмір-Темір шығармадағы Наташа рөлін маған берді. Мінекі содан бері осы театрдың ыстығы мен суығына төзіп, айлап гастрольге шығып, жұмыс жасап келеміз, – дейді ол.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры сахнаға әрбір қойылымда көрермендер Залипа Төлепованы қол соғып қарсы алады. Жұырда Сыр сахнасында И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы» спектаклі қойылды. Аталған қойылымда

Оның әрбір әні тұла бойдың толқынын, сол кездің сағынышын жеткізеді. Оның жарыққа шығарған әрбір туындысы жеке бір тарих десе м кателеспеймін, – деп пікір білдірді.

Жалпы, кез келген халықтың театр тарихында сахнаға шығысымен-ақ ешкімге ұқсамайтын даралығымен бірден ерекшеленетіндер өте аз. Ал, Залипа Төлепова – көп қырлы, терен сырлы артист. Ол ізденуден жалықпай, өнерін ұштап, шеберлігін шыңдауды әдетке айналдырған. Теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, сахнадан алуан қырлы адамдардың толыққанды бейнесін жасаудың хас шебері. Оның өнеріндегі бас-ты ерекшелік – кейіпкердің психологиялық тебіренісіндегі жан-күйін айнытпай бере білетіндігі. Актриса өзінің қиял көкжиегінің тереңдігімен драмалық, комедиялық, трагедиялық кейіпкерлердің кескін-келбетін бір-біріне ұқсастырмай даралай ойнайды. Олардың әрқайсысының ішкі сезім дүниесіне сыртқы әрекетті орайымен жымдастырып, сөздің ырғағы мен екпінін құбылта өзгертуі – актриса шеберлігінің айғағы. Артист үнінің тазалығы, дикциясының



Сексен жылдық мерейтойыма жұбайы Раушанмен келетінін қайта-қайта хабарлаған досым, академик Амангелді Құсайыновтың ажал құрығына ілініп бақилық дүниеге кеткені өзегімді өртеп, «достарсыз бұл күнде, күн кешу мүмкін бе?» деген сауалмен қала бердім. Сол қаралы күнге 40 күн толыпты. Достығымды ғана алға тартпай Сыр бойы ғылымына қосқан мол үлесін есептеп қолыма қалам алдым.

Амангелді досым шыншыл, кішіпейіл, қарапайым әрі қайсар, Маханбетше айтсам «жауырынан өтін алса да, жамандарға жалынбайтын», білікті әм білімдар тұлға еді. Осы қасиеттердің бәрін тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Амангелді Құсайыновтың табиғатынан табуға болады. Оның өмірбаянын зерделең, түйсініп оқысаңыз, менің тұжырымыма келісетініңізге бек сенімдімін. Досым Амангелдінің өнеге алуға тұратын жақсы қасиеттерді бойына сіңіруінің негізінде не жатыр деген сауал өзінен-өзі суранып тұрғандай. Соған әлім келгенше жауап беруге тырысайын.



ДОСТАРСЫЗ БҮЛ КҮНДЕ...

Академик А.Құсайыновтың көпке үлгі боларлық, бола алмағандарды тасандырып, таңғалдыратын қасиеттерінің негізін ең алдымен оның кіндік қаны тамған туған топырағынан іздеген абзал. Қасиетті Кереку жерінде, Қара Ертістің бойында Үлгілі дейтін ауылда өмірге келіпті. Бұл ауыл – жырымен елін жұбатқан, қайғысын бөліп уатқан Амангелдінің немере ағасы Иса Байзақовтың да туған жері. Осы бір қарапайым ауыл мектебінде оқығандардан 4 ғылым докторы, 19 ғылым кандидаты, 6 спорт шебері шыққан. Ауыл тұрғындарының жартысы – Еділ бойынан жер аударылған немістер болса, жартысы қазақтар. Мектепте кеңінде репрессияға ұшырап, қуғындалып келген білімді неміс мұғалімдер сабақ берген. Бірінші қазақы ауылда хат танып білім алған Амангелдінің бізге қарағанда орыс тіліне жетік болуының бір себебі осы болса керек.

Шыңыраудағы шындықты елге жеткіземін деп халқы үшін талмай еңбек еткен әкесі «халық жауы» атанып, ұзақ мерзімге сотталып, түрменің ашы дөнін атады. Абақтыдан ол босанып келгенде Амангелді 15 жаста екен. Сәби кезінен бастап, ешкімен кем етпей тәрбиеленген, аялаған анасы – Үрзия. Арғы тегін парсы жұрағатынан алатын, өздерін ислам дінін таратушы, әм уағыздаушы жоқалар санайтын Үрзия ана – арабшаға өте зерек, Алланың ақ жолын берік ұстанған діндар, жүрегі кең, қолы ашық, адалдық пен тазалықтың эталоны болған асыл ана.

Адамгершілікке, әділдікке, кішіпейілділікке, жетім-жесірге, жалғызға қол ұшын беруге, кім болса да көмек көрсетуге, біреудің ала жібін аттамауға жарықтық анам үйретті, – деп тебірене еске алатын Амангелді досым.

Тағдырымыздың тоғысқаны өткен ғасырдың 60-жылдарындағы студенттік кезімден бастау алды. Қазақстандағы ЖОО-ның көшбасшысы қазіргі ел Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (бұрынғы С.Киров атындағы ҚМУ) тарих факультетінде алғаш ашылған қазақ бөлімін бірге та-

мамдадық. Жарты ғасырдан аса уақыт өткенде, алдымыз сексенді еңсеріп, кейінгіміз сол жасқа аяқ баспак та, шіркін қызығы мен шығығы мол студенттік өміріміз кешегідей көз алдымызда. Группамыздың старостасы Әскербек Абаевтың жоғары ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ауызбіршілікті болдырды. Амангелді сабақты жақсы оқумен бірге университеттің қоғамдық өміріне белсене араласты. Факультет кәсіподақ ұйымын, студенттердің құрылыс отрядының штабын басқарып, оқу тобымыздың беделін жана белестерге көтеріп отыратын. Группамыздың (25 студент) жартысы республиканың түкпір-түкпірінен келген қыздар болды. Сондықтан зоовет, СХИ сынды оқу орындарының студенттеріндей біз ЖЕНПИ-дің есігін сығаламадық.

Алыстан арбаламай, жақыннан дорбалап дегендей университеттен, өз оқу тобымыздан болашақ жарларымызды таптық. Амангелді Раушанға, мен Жаксыбекке, Әскербек Нұршағұлға, Аманжол Тамараға, Амантай Жұмақұлға үйлендік. Бүгінге дейін қуанышымыз бен қайғымызды бірге бөлісіп, арамызды ажырмай келе жатқанымыздың бір себебі осы-ау деп ойлаймын. Алдымыз университет қабырғасында жүріп, ана-әке атанып, болашағымыздың берік қамалын қаладық. Группамызда ең алғашқы университет қабырғасында бек өтілімен, 3 жылдық әскери борышын өтеп келген «шалдардың» көп болуы, қазанымыздың ортақтығы мен ауызбіршілігіміздің, ынтымағымыздың бекемдігіне әсерін тигізді. Біз оқыған қазақ оқу тобынан 3 ғылым докторы, бірнеше ғылым кандидаттары, мектеп директорлары, аудандық, облыстық оқу басқармаларының басшылары, ректор, профессорлар, жоғары санатты мемлекеттік қызметкерлер шықты. Қазір курстастарымыздың бірі министрдің, бірі ректордың, бірі таланттары әлемге паш еткен қыздарымыздың, әлемдік деңгейдегі спортшылардың, бірі жоғары шенді полковниктің әкелері екенімізді мақтанып айтамыз. Құдай тіл-көзден сақтасын деп тілейміз.

Университеттегі өміріміз де сан-салалы, мәнді әрі мағыналы өтті. Амангелді еліне елеулі, халқына беделді, мемлекет және қоғам қайраткері еді. Өзі тәмамдаған ҚазГУ-дің қарапайым ассистентінен профессор дәрежесіне дейін көтеріліп, 4 жыл университет проректоры қызметін атқарды. Қолдан ұйымдастырылған, Мәскеуден төндірілген нақақ, қаралау, қудалау құрығына университет ректоры, әлемге әйгілі ғалым Өмірбек Жолдасбеков пен оның командасындағы проректор А.Құсайынов та ілінді. Қайсар досым тағдыр сынына мойымады, қайта табандылық танытып, жігерін жанып докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

1992-2000 жылдардағы Амангелдінің өмір жолы бұрынғы Ақмола, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласымен тығыз байланысты. Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтын Л.Гумилев атындағы Еуразия университетіне айналдыруда ректор креселіне отырған профессор А.Құсайынов аз тер төккен жоқ. Университеттің оқу-материалдық базасын, ғылыми әлеуетін әлемдік деңгейге көтерді. Әлемге танылған ғалым ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі С.Қасқабасов, ҚР еңбегі сіңген артисі К.Мыржықбайдың, т.б. университетке шақырылуы, ескі жатақханаларды жөндеп, оқытушыларға пәтерге беруі, республикада алғашқы болып тіл дамыту бөлімін ашуы, жана оқу ғимаратының іргетасын қалап, оның болашақ бағытын ғылыми түрде дәлелдеуі, спорт, өнерді дамытуға өзінің бас болуы, т.б. жағымды жайттар ректор Амангелдінің ғұлама ғалым, ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейін айшықтай түсті.

Сол кездегі Қырғызстан президенті А.Ақаевтың, Беларусь Республикасы президенті Александр Лукашенконың, Польша президенті Александр Квасневскийдің, Румыния президенті Эмиль КонстантINESКУДІН, Литва президенті Валдас Адамкустисінің, Ресей Мемлекеттік Думасының төрағасы Генадий Селезневтің, Индонезияның, Ресейдің Қазақстандағы елшілерінің, Нобель сыйлы-

ғының лауреаттары, физиктер Жерардус Т. Хуфт және Клаус фон Клитцингтің, МГУ-дің ректоры В.А.Садовничидің, жазушы Мұрад Аджидің, актер және режиссер Никита Михалковтың, т.б. университетте қонақта болуы – оқу орны тарихының айшықты беттері.

А.Құсайынов 2000 жылы ҚР Үкіметінің шешімімен Жоғары аттестациялық комитетті (ЖАК) басқарды. Бұл қызметте де адалдықты, туралықты, шыншылдықты қару еткен Әбекең ғылымның шынайлығына, тазалығына көп мән беріп, лауазымына, атақ дәрежесіне қарамай талай ғалымсымақтарды сын садағына алды. Ана тіліміздің мүшкіл халін ерте сезінген ол барлық ғылым салалары үшін қазақ тілін кандидаттық минимум емтиханы ретінде енгізді.

ЖАК төрағасы кезінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметін атқарды. Алла елшісі Мұхаммед (салла аллаһу алаһиһи уа сәллам) хадисінде «жасаған жақсылығыңды өзін айтпа, өзгелер айтсын» деген қағидасына сүйене отырып, досымның шапағатын, көп жақсылықтарының бірін айта кетудің реті келіп тұрғандай. Университетіміздің талай жақ ғалымдары кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, дипломдарын А.Құсайыновтың қолынан алды. Бұл ретте қанша дос болсақ та, ЖАК төрағасы өз принципінен тайған емес. Сыр елі ғалымдары үшін үлкен мүмкіндік университетімізде 8 мамандық бойынша аспирантура ашылып, лицензиясын өзі тапсырды.

Амангелді білікті басы, ешліл азамат, адал дос болумен бірге, үлгілі отағасы, зайыбы Раушан Үсіпбайқызының адал жары еді. Егіз қыздары Ғалия мен Бота (Ғабо) Ленинград сурет училищесін, Т.Жургенов атындағы Өнер академиясын бітірген, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, аттары әлемге танымал. Олардың суреттерінен шетелдерде 20-дан аса көрме ұйымдастырылды. Қазір Ғабо-ның екі суреті Римнің Ватикан галереясында сақтаулы. Егіздер жыл сайын рақ ауруына шалдыққан жас балаларды емдеуге арнап, сурет аукционын өткізуді дағдыға айналдырған. Амангелді мен Раушанның сүйікті қызы Мәдина Халықаралық мәселелер жөніндегі жоғары білімді маман.

Екеуі немерелерінің қызығына тоймай отырған ата мен әже болатын. Мейірімді жүзімен бақидан қарап тұрған Амангелді досыма иманын жолдас болғай, толассыз келе беретін қуаныштарының қызығын Раушан жарың көруге бұйырсын деп тілейміз. Группалас достары жақсылыққа жайылған дастарханның куәгері бола берейік. Өзін жайлы апсанамды мына бір өкіске толы өлеңмен тәмамдаймын:

– Жеті ондықтан аттап досым,
Сексенге де беттеп ең.
Достарының көңіл-қошын,
Еш ұмытып кетпеп ең.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
профессор

Аға буын – кейінгінің үлгісі, жас ұрпақ – олардың айнасы. Абай айтқан «Дүние – үлкен көл, замана – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер...» деген тәмісідің мәнін жаны ардақты жақсылар азайған сайын терең түсіне бастайсың. Олардың бай тәжірибесінен, кез келген мәселені шеше алатын көрегендігінен, мінезге бай болмысынан үйренетін, өмірлік ұстанымға айналдыратын өнеге мол еді. Сыр өңірінің ұстаздар қауымы Сәулет Дұржанованы осындай қасиеттері үшін үлгі тұтатын. Оны танып-білген, тәлімін көрген азаматтар өзі тер төккен саласына шын жанашыр болғанын үнемі айтып отырады.

Сb Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Ұстаз Ұлағаты

Жанақорған ауданы Кеңес ауылындағы Төлепберген Әбдірашев атындағы №239 орта мектеп – аймақтағы тарихи терең білім ордасының бірі. Мектеп тарихына көз салсақ, 1931-1932 жылы Кеңес ауылында бастауыш мектеп ашылған. Сол кезеңнен ауыл жастарын білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаздар Сырғаш Нысанбаева, Сәулет Дұржанова, Әйбеш Басқожаев, Мауия Ашимова тәрбиелеген шәкірттер – бүгінде түрлі салаларда елдің өркендеуіне еңбек сіңірген қайраткерлер. Арасында ғылым, ұстаздық жолын таңдағандары да жетерлік. Сондықтан бұл ағай-апаиларды ұстаздардың ұстазы деп айтуға әбден болады.

Ұстаздардың ұстазы Сәулет Дұржанова 1922 жылы Қаратаудың күнгей бетіндегі Бесарық өзенінің бойында дүниеге келген. Жастық шағы қиын кезеңдерде қоныстандыру, көмеспекелеу, жер аудару, ашаршылық және репрессия жылдарына тап келді. Қилы заманды елмен бірге өткерген жігерлі жан еңбек жолын 1940 жылы Кеңес ауылындағы кітапхана меңгерушілігінен бастады. Келесі жылы Қызылордадағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне түсіп, 1943 жылы бітірді.

Сәулет Дұржанова ұстаздық жолды Үкеш бастауыш мектебінен бастаған. Кейін Октябрь орта мектебі ашылып, соған ауысты. 1951-1954 жылдары Кеңес ауылынан бастауыш мектеп ашылып, соған меңгерушілігінен бастады. 1954 жылы алғаш рет Кеңес бастауыш мектебін 5 ұл 2 қыз бала бітіріп шықты. Ал, 1954-1955 оқу жылдары бастауыш мектеп жабылып, Сәулет апай №54 Октябрь мектебіндегі бастауыш сыныптарға сабақ берді. 1972 жылы Кеңес бастауыш сыныбы қайта ашылды. Бір жыл өткен соң ауылда жана мектеп салынып, №239 Кеңес сегізжылдық мектебі деп аталды. 1979-1980 оқу жылында №239 Кеңес орта мектебі болып ірілендірілді.

Кішкентай бұлдіршіндердің азамат болып қалыптасуында ұстаздың еңбегі ұшан-теңіз. Сәулет Дұржанова 1985 жылға дейін осы мектепте жұмыс істеді. Одан білім алған түлектер кейін түрлі салаға түрен салып, өз қызметтерінде үлкен жетістіктерге жетті. Өмірден өз орындарын тауып, халыққа еңбек етуде.

Адам мәңгіге жасамайды мәңгі жасайтын артындағы қалдырған ізі екен. Сәулет апай өмірінің 42 жылын шәкірттеріне арнады. Мектеп табалдырығын енді аттаған бұлдіршіндердің ұстазы әрі анасы бола білді. Оның өз ісіне шын берілген, ұрпақ тәрбиесін бәрінен биік қойған жан екені туралы шәкірттерінің естеліктері өте көп. Мысалы, көп жылдар көлік саласында еңбек еткен Сәулет апайдың шәкірті Өтеп Әлиқбаров қиын кезеңдердегі ұстаздар еңбегін нағыз ерлік деп еске алады.

– Ауылдан үш шақырымдай жерде орналасқан мектепке қатынап оқыдық. Азанда ерте бір жерге жиналамыз. Ол кезде қар қалың болатын. Алда апаилар мен ересек балалар жол салып отырып, мектепке барамыз. Сабақтан соң апаилық басшылығымен ауылға қайтамыз. Апаилымыз алда, қаздың балапанындай артында біз жүреміз. Көктемде Бесарық өзені арнасына сыймай Сырға барып құяды. Ол кезеңде бізді атпен, трактормен, түйемен арғы бетке өткізеді. Түсте қайтарда және судан өткізеді. Басы-қасын-

да апаи-ағайлар болады, – дейді ол.

Білім беру саласында уақытпен үндесу талабынан шығу үшін жауапкершілік жүгін арқалай алатын адамдар айрықша бағаланады. Жалпы аға ұрпақ өкілдерінің қай-қайсысының да бойына сіңген осы бір қасиетті, яғни жауапкершілікке мығымдық пен үдеге беріктікті барлығымыз үйренуге тырыстық. Байқап отырсақ, Сәулет апай бүкіл ғұмырында туған топырағы, ескелен ұрпақ игілігін көретін көп іс тындырыпты. Атын шығарып, атақ алу үшін емес, орайы келмей тұрған жұмысқа бейжай қарай алмайтындығын.

Сонда да болса, Кеңес үкіметі тарапынан да Сәулет Дұржанованың еткен еңбегі бағаланып, 1977 жылы «Қазақстан оқу-ағарту үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бірнеше рет ауылдық кеңеске депутат болып сайланды. Көптеген медаль, мақтау грамотасының иегері атанды.

Адам баласы ұрпағымен бақытты. Адал қызмет етіп шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған Сәулет апай жұбайы Мұхтарбай Оразалиев екеуі дүниеге 7 бала ежеліп, қанаттандырды. Балаларын ұлттық салт-дәстүрді құрметтеп, адал еңбек етуге тәрбиеледі. Бұл күндері ер жеткен ұл-қыздары жоғары білімді мамандық иелері.

Үлкен қызы – Нағима зейнеткер, ұлы – Бекболат фельдшер, екінші ұлы – Жалғас ішкі істер саласында қызметте, Ерболат – кәсіпкер, екі қызы үй шаруасымен айналысады. Ал, Ғазиза атты қызы Алматыдағы өнер гимназиясында домбыра сыныбына сабақ береді. Ананың ақ сүтімен дарыған қасиет болар, ұстаз жолын қуған ол бүгінгі күні білікті маман, ұлағатты ұстаз. Ұстаздық жолындағы тынымсыз еңбегі бағаланып, 1999 жылы «Білім озаты» төсбелгісімен, 2021 жылы Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың Құрмет грамотасымен марапатталды. Шәкірттері республикалық, халықаралық фестивальдардың жеңімпаздары.

Ғұмырын ұстаздық ұлы мұрат жолына арнаған Сәулет Дұржанова артына өшпес із қалдырды. Үлгілі отбасы бола білді. Ұлағат иесі 1985 жылы 63 жасында дүниеден өтті. Ал, биыл Сәулет апайдың дүниеге келгеніне бір ғасыр болады. Бүгінде өзі қызмет еткен мектепте Сәулет апайдың атында бастауыш сынып кабинеті бар. Төлепберген Әбдірашев атындағы №239 орта мектеп ұжымы ұстаздың жүріп өткен жолын насихаттау мақсатында 100 жылдық мерейтойын өз дәрежесінде атап өтудің іс-шара жоспарын жасап, дайындық жұмыстарына кірісіп кетті.

«Ұлттымыздың рухани тамырынан нәр алған, елі мен туған топырағын, ұлт құндылықтары мен ата-баба дәстүрін қадір тұтып, құрметтей алатын ұрпақ тәрбиелеу – біздің ең басшы мақсатымыз» деген өсиет Сәулет Дұржанованың шәкірттері мен ұрпақтарына бағдарлам секілді. Әке мен ана жаққан шырақ берген тәрбие балаға өмір бақи жарығын түсіріп тұрады. Сол тәлім ұрпақ бойына сіңсе, сабақтастықтың үзілмегені. Оған ұстаз берген өнегенің өрнегі қосылса, өмірдің сан тарау сопақтарында адам аласпай жол табады. Сәулет Дұржанова балаларына да, шәкірттеріне де бағыт сілтеген темірқазық тұлға болатын. Сондықтан оның есімі ұмытылмайды, ұлағаты өшпейді.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«Басықараға» су жіберілді

Қазалы ауданы ауыл шаруашылығы саласына бейімделген. Қырында төрт түлік төлдегіп, Сыр беткейінде жайқалтып бақша, егіс еккен ауданның жұртшылығы өзге де кәсіптің қыр-сырына қанық. Кейінгі жылдары аяқсу тапшылығы қазалылықтарды алаңдатып отырған.

Сb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

«Су – тіршілік нәрі» деген қағида соңғы уақытта өзінің бәсін биіктеге түскенін көзбен көріп те жүрміз. Өткен жылы аяқсудың жетіспеушілігі Қазалы ауданында қатты білінді. Соның салдары бірқатар жеке кәсіпкерлердің мал азығына қажетті шөп дайындауына, ала жаздай бейнеттенген бақшасынан жиналатын өнімнің кемюіне әсерін тигізді.

«Егінші жылда арманда» деген бар. Әр жылдан үміт күту – қарапайым ғұмыр кешкен көпшіліктің бойына сіңген дағды.

16 наурыздан бастап Сырдария өзені мұз құрсауынан тазаруына байланысты «Оң жаға» арнасынан саға алатын «Басықара» каналына су жіберілді. Негізгі мақсат – көктемгі экологиялық судың есебінен Әйтеке би кентінің Қарақұм беткейіндегі «Құмқол», «Марқакөл» және тағы басқа көлдер мен жайылымдықтарға су жіберу.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев облыстық мәслихат депутаттары Ібайдулла Тілеп, Мнажидин Өтеуевпен бірге «Құмқол», «Марқакөл» және



тағы басқа көлдеріне су жіберетін «Абдулла аша» каналына арнайы барып, көлдер мен жайылымдықтарға су жіберу мәселесін талқылады. Айта кетерлігі, «Абдул-

ла аша» каналына «Қазалы-сушар» өндірістік учаскесі арқылы механикалық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Қазалы ауданы.

2022: ӘБЗӘЛИ ЕГІЗБАЕВ – 115

Тағдырын өрген өлеңмен

Жауынгер ақын аты ұрпағына қадірлі болып қалған Әбзәли Егізбаев 1907 жылы қазіргі Қармақшы ауданы Тұрмағамбет атындағы ауылда өмірге келген.

Ол ауыл мектебінде даңғыр ақын Тұрмағамбеттен діни тәлім алған. Сонымен бірге шығыс әдебиетінің классиктері Аини, Низами, Сағди, Фирдоуси шығармаларын оқып жетілген.

1930 жылдан бастап комсомол, кенес жұмыстарында түрлі қызмет атқарады.

1934 жылы Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, Жалағаш ауданы кейін «Қызылтам» мектебінде мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған.

Ауыл әлеуетінің өсіп-өркендеуіне етене араласқан оған шолық белсенділердің ұйымдастыруымен «мектепті жөндеу жұмыстарын қасақана ұзартқан», «ауданға ауылдағы мектепте оқитын бала санын азайтып көрсеткен» деген арыз-шағыммен «халық жауы» деген жапа жабылып, 1938 жылы Сібірге жер аударылды. Мағанды облысы Қалыма өзені бойында орналасқан «Одинокий», «Партизанский» алтын кен орындарында ауыр жұмыстар істеп, 1941 жылы елге оралады.

Қу түрме тарылттың-ау тағатымды, Бостандық сағынттың-ау сағатыңды. Жау деген жаман атақ жабылғасын Айырдың жақсы атақтан жарасымды. Сайрандап өскен жерде жүре-тұғын, Жалақор үзіп қойды қанатымды. Шыдайсың сабыр қылып, туар айды, Жарқырап аша-тұғын кара түнді, – дейтін ақын жырлары сол ауыр жылдардың жан жарасы секілді.

1941-1942 жылдары Жалағаш ауданы Жаңаталап мектебінің директоры болып жүріп, Ұлы Отан соғысына аттанған. Алғаш Батыс майданында, кейін Шығыс майданында соғысқа кірген.

Талай құжайды бастан кешкен, жараланған, қайта сапқа тұрған.

Соғыстың соңғы күндерінде ол өзінің әскери бөлімімен Қиыр Шығыстағы Жапон соғысына қатысады. Бірақ, туған елге қайтуға бірнеше күн қалғанда Манчжурияда жаудың оғынан қаза болады. Сол топырақта жерленген.

Әбзәли жастайынан жырға қанып өскен. Қармақшы топырағында Сыр сұлейлерінің Отаны болды. Ол талай кәнігі жыраулардың жанында жүрді. Қанмен берілген дарыны бар жас өзі де өлең жазуға машықтанды. Алғашқы өлеңдері майдан газеттерінде жарияланған. Ал, «Жорық жолында» «Дат», «Максұт», «Төрт дәруіш», т.б. атакты поэмаларын соғыс жорықтарында жүріп жазды.

Ақын шығармалары кейін, 1969 жылы «Жауынгер жүрегі», 1978 жылы «Елімнің сырын еттім жыр», 2003 жылы «Киелі Қармақшым» деген атаулармен бірнеше кітап болып басылып шықты.

Ата-ана, бала, жар дескен, Алашаң, майдан қан кешкен.

Шығарам қалай хәлді естен,

Елімнің сырын еттім жыр, – деп өзі жырға қосқандай, есіл ер соңғы демі біткенше еліне, Отанына адал болды, сол үшін де ол қасық қанын аяған жоқ. Ақынның өзін өлгенімен өлең-жырлары туған ел-жұртының жадында мәңгі сақталып қалды.

Бүгінде Қызылорда қаласы мен аудан орталығында жауынгер-ақын Әбзәли Егізбаев атында көше болса, Жосалы кентіндегі №121 орта мектеп Ә.Егізбаев атымен аталады және білім ордасында ескерткіш мүсіні орнатылған.

Ақынның мұрасы ұрпақтар руханиятына қызмет ете берері, қазак тұрғанда жасай берері сөзсіз.

«АҚМЕШІТ АҚШАМЫ» – 25

«Ақмешіт ақшамы» газеті алғаш шыққаннан бергі 25 жылдың ішінде осу-өркендеу кезеңдерінен өтіп, қаланың тыныс-тіршілігін, алған асулары мен жеткен жетістіктерін қалың бұқараға жүйелі жеткізуді ғана емес, ел руханиятындағы, халық тағдырындағы өзекті мәселелерге үн қосатын мазмұны байыған, ойы кемелденген басылымға айналды. Ақпарат айдынында ширек ғасырға жуық оқырманға жол тартып келе жатқан «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихат депутаты Сәрсенкүл Бихожаман әңгімелескен едік.



Ширек ғасыр шежіресі

– Сәрсенкүл апай, өзіңіз басқаратын басылымның жарыққа шыққанына да 25 жыл уақыт толыпты. Осынау уақытта ел тәуелсіздігімен қатар Сыр елінің бас шаһарының өркендеу тарихында бұл басылымның алар орны айрықша. Сәл шегініс жасап, сол кездерді еске алсақ...

– Газетіміздің ашылуына сол кезде құрылған арнайы экономикалық аймақ себепші болды. Жалпы арнайы экономикалық аймақ ашылмай тұрып-ақ, Қызылорданың зиялы қауымы арасында қазақ тілінде шығатын қалалық газет керек деген пікір талқылауып жүрген. Біріншіден, Қызылорда қаласы алғашқы астана болды. Екіншіден, қазақтың ұйысқан жері, үшіншіден «Сыр – Алаштың анасы» деген тарихи орны бар. Сол уақытта қалада екі тілде аралас газет шығатын. «Неге қазақ тілінде басылым болмайды?» деген ой туындаған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттық сананың ояна бастаған, тілге мән бере бастаған уақыт еді. Арнайы экономикалық аймақтың ашылуына орай кезіндегі Қорқыт ата университетінің ректоры, белгілі ғалым Бакберген Досманбетов осы ойды іс жүзінде асырып, газетті жарыққа шығаруға шешім қабылдады. Оған бір жағынан сол кездегі қала әкімінің орынбасары Бауыржан Омаровтың да әсері болды. Арнайы экономикалық аймақтың органы ретінде 22 наурызда «Ақмешіт ақшамының» бірінші нөмірі жарық көрді. Баспасөзге жазылу науқаны жылдың басында өтіп кеткен. Бірде-бір жазылушымыз жоқ. Жаңа газет болғандықтан, жаңа технологиямен ашайық дедік. Ол кездері Қызылордада газеттер ротациялық әдіспен ескі баспағанда басылатын. Алматыдағы «Дәуір» баспаханасында офсеттік әдіспен шығады. Соған еліктеп жаңа технологиямен басылған алғашқы газетті оқырмандардың қолына тигізгіміз дедік. Алғашқы нөмірінен бастап «Дәуір» баспаханасында офсеттік әдіспен жарық көрді. Онай болған жоқ, компьютермен терілім жасалады. Компьютер дегенді көпшілігіміз көрмегенбіз. Бұрынғы біз шығарып жүргеннен басқа, қағазы да бөлек, жанаша газетке жаңа тақырыптар жаза алатын журналистер керек болды.

Мұнда Алматыдан оқу бітіріп келген студент жастар қалам тербеді. Алғашқы ұстазымыз эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыров ағамыз болды. Ол кісі екі тілде шығатын «Қызылорда» газетінде жұр екен. Біздің газетке ауысты. Редакцияда ғимарат, көлік, база, отырартын орын, орындаймыз да жоқ. Сол кезде қала әкімі, арнайы экономикалық аймақтың кенес төрағасы Бакберген Сәрсенкүл бір ұсыныс жасады. Бұрынғы «Сыр бойы» газеті редакциясы ғимаратының бірінші қабатында «Қызылорда» газетінің редакциясы бар-тұғын. Сол редакцияның бір жағын бізге беру туралы шешім қабылданды. Біз оған қарсы болдық. Өзі қалыптасқан ре-

дакция, біреудің үстіне біреу кірме болғанын кім қалайды? Сондықтан не болса да өзіміз көрейік деп шештік. Қалалық әкімшіліктің бос кабинетінде бәріміз – редактор да, есепші де, журналистер де, корректор да бір үстелдің басына жиналып, кезектесіп отырып, жұмысты бастап кеттік. Алматыдан Бауыржан Омаровтың көмегімен «Жас алаш» газетінің жауапты хатшысы Нарманқұл Сапарбай, бағдарламашы Бақыт Ойса келді. Сол кісілердің көмегімен «Ақмешіт ақшамы» компьютерлік басылыммен, офсеттік әдіспен ең бірінші болып басылып, Сыр журналистикасының тарихында қалды.

Журналистердің де жан-кешті еңбегі көп болды. Отыратын орнымыз, арнайы ғимаратымыз болмаса да, біз үшін жаңа газетті шығару мақтанш сезіміміз ұялатты. Ең бірінші газетті ұшақпен алдырттық. Салмағы 80 келі газетті бума-бума етіп берді. Алғашқы саны 16 бет болып, А-3 форматымен жарыққа шықты. Менің жолдасымның мамандығы ұшықшы. Алматыға катынап, газетті бізге тасымалдайтын. Бір жыл үйіме сәрсенбі күні қонай жұмыс істедім. Өйткені бейсенбі күні таңертең ұшақтың кезекті рейсімен газеттің пленкасын Алматыға беріп жіберуіміз керек. Онда курьеріміз бар. Ұшақтан күтіп алып, «Дәуір» баспаханасына апарып өткізді. Жұма күні газетті қайтарып аламыз. Сәрсенбі күні жұым болып, редактор, кезекші журналист, корректор барлығымыз түнейміз. Ертенің сағат 10-дағы ұшаққа үлгертуіміз керек. Көлігіміз де жоқ. Әкімшіліктің немесе сол кезде өзімізбен қатар ашылған «Қоғам ТВ»-ның көлігімен жеткіземіз. Газетті ұшаққа салып келгеннен кейін, келесі нөмірдің жоспарлауы жүреді. Үйімізге түсте қайтамыз. Соған отбасымыз да көнді.

Газетті ашу туралы шешім 13 ақпанда шықты. Жаңа жылдағы жаңа бастамалардың басы болғандықтан, соған ыңғайлап шығарайық дедік. Ол кезде А-3 форматы сирек болатын. Ұмытпасам, «Қызылорда», «Ақмешіт апталығы» және біз ғана шықтық. Алғашқы нөмір 3000 дамамен жарық көрді. Сол газетті менен бастап бөліп-бөліп алып, Наурыз күні алаңға шығып, тараттық. Мекемелерге, көшелерге, оқу орындарына барып, жарты жыл бойы қолма-қол өткіздік. Ыстық нан наубайханадан шыққанда талас болады ғой. Сол секілді Алматыдан келген бойда әркім өз газетін бөліп алады. Бұл жағдайымыз бір жағы болды. Екінші жағы жаңа тақырыптарды берумен ерекшеленді. Оқырманның көңілінен шығатындай жазылмайтын тақырыптар бардык. «Карл Маркс №2» деген тақырыпта жүйке аурулары ауруханасы жайлы мақала дайындадық. Бұл көшенің бойынан өткенде көдімдей бойыңды қоржыныш билейтін. Бұрынғы орны К.Маркс №2 көшесі ескі базардың тұсы болатын, қазір орны сүріліп кетті. Ол жазылмайтын тақырып-тұғын.

Қызылордалықтар десе, «жындыханасы бар қала ма?» деп қарайтын. Өйткені мұндай жүйке аурулары ауруханасы санаулы қалада бар еді.

Біраз өткір тақырыптарды қаузалдық. Кейін газет жеке-шеленді. Басында қалай көшіп қондық, дәл солай бірнеше жыл жүрдік. Өзіміздің тапқан табысымызбен компьютер, үстел-орындарды алдық. Редакцияны өз қаражатымызбен қалыптастырдық. Қалалық әкімдіктің газеті болғанымен көлік не ғимарат алмадық. Газеттің басу шығынын өтеп отырды. Сол себепті жекеге кетуді ұйғардық. Жекешелендіру жүріп жатқан кез еді.

– Бұл басылымда еліміздің мықты журналистері қалам тербеді. Бір сөзбен айтқанда, «Ақмешіт ақшамы» жастарды тәрбиелеп шығаратын үлкен ұстахана еді. Кімдерді ерекше мақтанш етіп айта аласыз?

– Жаңа технологиямен газет шығаратын болғандықтан, бізге жастар үйір болды. Біразы ыңдалып шықты Жаңахмет Ағыбаев елордада, Маңғыстауда қызмет жасады. Қазір «Зан медиа» корпорациясының басшысы болып отыр. Бауыржан Шамшат та республикалық ақпарат құралдарында жұмыс істеді. Бүгінде үлкен отандық компанияның пиар менеджері. Одан бөлек, «Сыр медиа-да» жүрген «Ақшамнан» түлеп ұшқан, осы жерде тәжірибеден өткен журналистер бар. Олар – біздің мақтанштарымыз. «Ақмешіт ақшамының» тағы бір ерекшелігі, жаңа тақырыптар жаза білетін журналистердің ұстанасы болды. Олардың ұядан ұшқанын өзіміз де қаладық. Бұын алмасып отыруы керек. Бір жерде тоқырап тұрып қалса да болмайды. Жаңа леп келіп, ұрпақ алмасып отыру керек.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауының жетінші тарауында БАҚ-тың қоғамдағы рөлін нығайтуға басымдық берді. Алда қайта қаралатын заңға өзгерістер енетінін де айтты. Өз тарапыңыздан қандай ұсыныстар білдірер едіңіз?

– Саланы көтеру үшін алдымен журналистердің мәртебесін көтеру керек. Журналистер ешқандай қорғалмаған. Ең қиын жері қайсыбір заңды болмасын, заң шығару билігінде отырғандар өзіне беімідеп жасайды. Мәселен, рұқсатсыз суретке түсіріп алып, бір материал берсең, сені сотқа тартуға құқылы. Сондай көзге көрінбейтін шектеулер бар. Жұмыс барысында бізге әсер етеді. Сынның көп жазылмайтыны да сол. Өйткені, сот шешімімен жабылып қалған ақпарат құралдары жетерлік.

Президент ақпарат еркін әрі ашық болуы керек деді. «Еркін» деген сөздің ар жағында шектеулерге байланысты ой болу керек. Бізде аккредитация деген бар. Тағындап алған журналистер ғана ақпарат ала алады. Сол шектеулерге байланысты шығар деп ойлаймын. Екінші шектеулерге байланысты ұсыныс, журналистердің әлеуметтік жағдайын көтеру керек. Айналымдағы мұғалім, дәрігерлерге байланысты жасалып жатқан ілтипат бізге да қатысты болу керек. Мұғалім бала тәрбиелейді, дәрігер денсаулықты түзетеді. Ал біз бүкіл қоғамның санасы мен мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Оны қалай қалыптастырамыз? Өзіміздің жағдайымыз, айлығымыз төмен.

Тәуелсіз журналистика дегенмен, баріміз тәуелдіміз. Қаржыға тәуелдіміз, кім қаржы береді соған тәуелдіміз. Ақпарат құралдарының даму мүмкіндігі, материалдық базасын жақсарту мүмкіндігі жоқ. Қаламақыны көтеру

мүмкіндігі қаралмаған. Қазіргі кезде журналистер қаламақыға жұмыс істесе, жақсы болады. Ол бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Мысалы, шетелдің журналистерін қарап отырсаңыз, рюкзактан арқалап алып, тау-тасты, ел-елді аралап кезіп кетеді. Оқиғаны бірінші болып беруге тырысады. Бірінші болып ақпарат таратса, оның қаламақысы жоғары болады. Бізде редакцияларда ондай мүмкіндік жоқ.

Тағы бір айтар мәселе – жарнама. Жеке ақпарат құралы болғаннан кейін, ол өз күнін өзі көру керек дейді. Орталықта мүмкіндік бар. Жарнаманың барлығы орталыққа шоғырланған. Мысалы, бір банкке жарнамаға сөйлессек, орталықтан шешілетінін айтады. Орталық ақпарат құралдары мен елдегі ақпарат құралдарының жағдайын салыстыруға келмейді. Мемлекеттік тапсырыс мәселесінде әлде де қаралатын тұстар бар. Мемлекеттік идеология болу керек, ол үшін мемлекеттік тапсырыс күшеюі тиіс. Біз көп нәрсені жіберіп алдық. Соның салқынын кешегі қаңтар оқиғасында көрдік. Егер де ақпарат құралдары әркімге қолжетімді болса, ондай орын алмас еді. Кейбір елдердің тәжірибесінде біздегідей газетке жазылу деген жоқ, ол тегін таратылады. Мысалы, АҚШ-та ақпарат құралдарын таратуға миллиондаған доллар ақша бөлінеді. Дүкенде, кинотеатрда, әуежайда отырып оқи бересің. Мемлекет оған субсидия бөліп отырады. Сол кезде ақпарат құралдарының таралымы да көбейеді.

Баспасөзге жазылу бағасының белгілі бір көлемі почтаның тарату бөліміне, белгілі бір көлемі баспаханаларға кетеді. Шикізат та сырттан келеді. Біз қазір той тойлайтындай жағдайда отырған жоқпыз. Ресейге салынған санкция салдарынан, бағаның көтерілгенінен бөлек, оның түпшілығы туындайын деп отыр. Газеттің қағазы Ресейден келеді. Мүмкін шетелдің тәжірибесін енгізу керек шығар. Біз газетті әдемілеп шығарғанмен, ол оқырманға жетпей жатса қиын. Оқырманға жету үшін почта қаржылай көмек алу керек. Алыс ауылдарға ақпарат қолжетімді емес. Олар да газет оқып, жаңалық білгісі келеді. Егер алыс елді мекендерге субсидия берілсе, онда біздің ақпарат құралдарымыз жеткен болар еді. Сонымен қатар қоғамда әлеуметтік қорғалмаған жандар бар. Бір ғана зейнеткер, жәрдемақымен күн көріп отыр. Соларға да газет тарату мүмкіндігін қарастыру керек. Өйткені редакциялардың газетті тегін беру мүмкіндігі жоқ.

Министрлікке газеттің «асханасынан» және теледидардың монтаж бөлімінен шыққан адамдар барса, жақсы болар еді. Ақпарат құралдарының «асханасында» болмай, заң қабылдаған өте қиын. Қоғамда ашық пікір айтылмауынан, диалогтың болмауынан адамдар көшеге шықты. Шынында, қайда барып айтады? Газетке барып айта алмаса, теледидарға шығып көрсете алмаса көшеге шықпағанда қайда барады? Біз қанша кеңес құрсақ та, бірақ оның ашықтығы алаңы дәл ақпарат құралындай емес. Санаулы адам көре алады. Ал ақпарат құралы мындай таралады. Бізде идеология жоқ емес, бар. Бірақ идеологияны көрсете алмай отырғанымыз журналистика саласындағы кемшіліктерге байланысты болып отыр. Ол әлсіз тұстар бізге ғана емес, билікке де байланысты. Журналистерді билік пен халықтың ортасындағы алтын көпір дейтін болсақ, алтын көпірдің жағдайын жасап, екі ортада нық тұратын мүмкіндік беру керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Қалшаның пірі

Өткен күндер, баяғы бір хикаяттар туралы құлағымды ашып, зейінімді тосып жүретін мен мына бір шағын әңгімені аты Сыр еліне белгілі ұстаз, марқұм Елемес Байбосынов ақсақалдан естіп едім.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Мен іздеп барғанда көкеміз көңілі суалып қалған кәрілік жаста екен. Наукас мендеп, төсек тартып жатса да іздеп барғаным қуанып қалды. Сол кезде біраз сөйлесіп. Сонда ол кісінің айтқандарын тақырып-тақырыпқа бөліп жаздым.

...Көзім дәптермен, ойым одан әрірек. Бір сәт тым-тырыс болып қалғанда мен әкейге жалт қарадым. Қапелімде не дерімді білмей:

– Ауырнып отырған жоқсыз ба? – деппи.

– Балам-ай, ауру азабын тартқанын бір бүл емес, ойма көп нәрсені түсіре алмай отырмын ғой.

– Онда ертең келейін, әке... – Жөк, айтып болайын, – деп ол бір күрсініп алды да керуетіне қолын таяп біраз отырып. – Енді саған Көкмұрын аталығы ішіндегі Қалша ұрпақтары туралы айтайын, – деді.

Елағаш мені жібергісі келмеді. Тағы әңгіме басталды.

– Қалшадан – Малдыбай, Жылқыбай, Бердібай, Нұрымбет, Байдәулет, Ақдәулет, Қарадәулет, Қақу деген сегізден тараған ұрпақты, олардың өмір тарихын мен білемін. Ал, тоғызыншы баладан ұрпақ болмаған соң аты да аталмай қала береді, өзімің де есімде жоқ, – деді әкей.

– Қалша бабамыздың да қызық тарихы бар. Бір күні аңға шықса алдынан арлан қасқыр қолденендепті. Ашып топ қасқырды қуа жөнеледі. Жұрттың аты ұзақ шабысқа жарамай қалады. Қалша бөлініп,

жеке қуады. Бір уақытта қасқыр Қалшаға қарсы шауыпты. Сонда барып ол кілт тоқтайды, ал, қасқыр көзден ғайып болады.

– Мен осы жерде өлемін, – дейді Қалша артынан жеткен жолдастарына, – әлгі қасқыр менің пірім екен!

Осыны рас келеді, Қалша осы аялданған жерде қаза болады. Сол жерден кейін бұлақ шығып, айналасына қара тал қаптап өсіпті. Мұны бала күнімізде естуші едік. Халық ішінде «Қалшаның қара талы» деген тіркес бар, демек, ол – жердің аты, бірақ, оның қай жер екенін ешкім әлі күнге білмейтін. Сөйтсек, Қармақшы жақта екен. Оны көргендер айтып келді, қара тал өскен, басында бұлағы бар ескі бейіттің жанында құлап қалған тас көріпті. Таста қос әліптің белгісі бар екен. Ал, қос әліп – Қыпшақтың белгісі. Ендеше бұл Қалша болмағанда кім? Сол бабамыздың аңыз болған біраз жорықтары туралы, оның ұрпақтары туралы да айта аламын...

Елағаш шаршаңқырап қалғанын өзі де сезіп, әңгімені осы жерден үзді. Тағы бір нәрселер айтқысы келгендей болғанымен, алқынып қалды. Мен кіпақтап кететін ыңғай білдірдім. «Кейінірек келейін» деп едім, басын изеді.

Содан қайтып Елағашпен жүздесуге тұз-дәм бұйырмады. Көп ұзамай көкірегі шешіре тұнған қарияның қайтыс болғанын естідім.

Қалша ұрпақтары туралы да әңгіме жалғаспайтын болды...



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.